



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында айтылғандай, 2021 жылдан бастап халыққа зейнетақысының бір бөлігін алуға рұқсат етіледі. Үкімет пен Ұлттық банк зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру үшін нақты жоспар жасайды. Демек, алдағы жылы қазақстандықтар зейнетақы жинақтарын баспана алуға және өзге де мақсаттарға жұмсай алады.

6-БЕТТЕ

№106
(4075)
Сейсенбі
8 қыркүйек
2020 жыл



ASTANA




РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ү

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



■ ШАРТАРАП



**КАРАНТИННЕН
КЕЙІНГІ
ӘЛЕМ**
7-БЕТТЕ

■ АБАЙ-175 ЖЫЛ



**ТЕРІН САТПАЙ,
ТЕЛМІРІП...**
8-БЕТТЕ

■ ҚОҒАМ



**ИСЛАМОФОБИЯ
АСТАРЫНДА НЕ
ЖАТЫР?**
12-БЕТТЕ

■ САНСӨЙЛЕМ

7 ҚЫРКҮЙЕКТЕН
БАСТАП ЕЛОРДАДАҒЫ
УӘЛИХАНОВ
КӨШЕСІНДЕ

1022

АВТОТҰРАҚ
ОРЫНДАРЫ
ЖАЛҒА БЕРІЛЕДІ

ТАҒЫ 60 ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ҚОСЫЛАДЫ

Күнделікті тіршілігімізге цифрландыру үрдісі қарыштап кіріп жатыр. Бұл – бүкіл әлемдегі үрдіс, заманның талабы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті Жолдауында осы мәселеге ерекше маңыз берді. Бүгінде елордадағы iQala орталығы цифрландырудың жүйесімен 131 қызмет түрін көрсетіп отыр.

5-БЕТТЕ



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 503.5 \$ USD/KZT 424.4 ₺ RUB/KZT 5.75 ¥ CNY/KZT 57.5

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

861 ТҮЛЕК ӘКІМ ГРАНТЫН ИЕЛЕНДІ

Биыл елорда әкімдігі аз қамтылған отбасы балаларының білім алуына бір жарым есе көп грант бөлді.



Мамандық таңдау – әр оқушы өміріндегі маңызды әрі жауапты қадам. Биыл әкімдіктен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге 861 грант бөлінсе, оның ішінде резидентурада дәрігерлерді оқытуға 300-ге жуық, педагогикалық мамандықтарға 485 грант қарастырылды.

– Аз қамтылған отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балалар үшін білім грантын бір жарым есе арттырдық. Гранттар ерекше қажеттілігі бар балаларға, жетім балаларға, аз қамтылған отбасыларда тәрбиеленіп жатқан жеткіншектерге бөлінді. Түлектер IT-технологиялар, стоматология, жалпы медицина, әлеуметтік жұмыс, инженер, электроника және энергетика, педагог, шет тілі, көлік қызметі және логистика, құқық, туризм және т. б. мамандықтар бойынша оқуға түсті, – деді қала әкімі Алтай Көлгінов.

Сондай-ақ елорда басшысы бұл көмек жоғары білім алуға талпынған жастарға айтарлықтай қолдау болатындығын айтты.



ЖАҢА ӨНДІРІС АШЫЛДЫ

Премьер-министр Асқар Мамин «Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорнына барды. Кәсіпорын пандемия жағдайында өкпені жасанды желдету (ӨЖЖ) стационарлық аппараттарының өндірісін шығарады. Бұл аппарат емдеу мекемелерінде жансақтау және қарқынды терапия бөлімдерінде ересектер мен балалардың өкпесін ұзақ уақыт бойы желдетуге арналған. ӨЖЖ аппараты ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сай келеді және Нұр-Сұлтан қаласындағы Көпсалалы жұқпалы аурулар орталығында сәтті сынақтан өтіп, медицина мамандарының оң сараптамалық қорытындысын алған.

Бүгінгі таңда жергілікті өндіріс деңгейін 30 пайызға дейін жеткізумен, оны 50 және одан да көп пайызға ұлғайту үшін ӨЖЖ аппараттарын өндірістік құрастыру жүзеге асырылуда. Өндірістік цикл кезеңінде жергілікті өндіріс деңгейі «Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС-ның заманауи технологиялармен жабдықталуының және электронды, радиоэлектронды және оптикалық приборлар саласындағы инженерлік-техникалық персоналдың құзыретінің жоғарылығының арқасында артатын болады. ӨЖЖ аппараттары өндірісіне еліміздегі басқа да қорғаныс саласы кәсіпорындарының технологиялық әлеуеті тартылған.

Денсаулық сақтау министрлігінің ұйғарымы бойынша 1500 ӨЖЖ аппараттары биыл қыркүйек-қазан айларында еліміздің барлық өңірлеріндегі бойынша медицина мекемелеріне жеткізіледі. ӨЖЖ аппараттарын құрастырумен қатар, кәсіпорынның инженерлік-техникалық персоналы емдеу мекемелеріндегі медицина қызметкерлерін оқытуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ 24/7 тәртібінде техникалық қолдауды жүзеге асырады. Кәсіпорындарға 3 жыл бойы кепілдікпен қызмет көрсету мерзімі ұсынылады.

Үкімет басшысы өндіріспен танысып, еліміздің медицина мекемелеріне өнімдерді уақытылы жеткізуді қамтамасыз етуді тапсырды. «Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС өндірістік алаңын аралауға Премьер-министрдің орынбасары Р.Скляр, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұлов, Денсаулық сақтау министрі А.Пой және Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов қатысты.

БАСПАНА КЕЗЕГІНДЕГІЛЕРГЕ КӨМЕК

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов Қазақстанда баспана кезегінде тұрғандардың жалдық төлемі үшін субсидия қалай берілетінін түсіндіріп берді.



«Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында белгіленген тапсырмаларды орындау үшін арендалық төлемді субсидиялау механизмдерін әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындалады. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, тұрғын үй қорының 30 пайызы – жалға берілетін үйлер. Қазақстанда бұл көрсеткіш 1,7 пайызды құрап отыр. Қазіргі уақытта кезекте тұрған азаматтардың саны – 530 мың. Бұл ретте, тұрғын үйді жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау көзделген. Жұмыс көлемін мемлекеттік органдармен қарастырып жатыр-

мыз. Бұл, шамамен 70-80 пайыз... Сонымен қатар атаулы көмекті «Отбасы банк» айқындайтын болады. Олар Қазақстанда тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтардың тізілімін түзеді» деп түсіндірді Бейбіт Атамқұлов Үкімет үйіндегі баспасөз мәслихатында.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі нақты параметрлерді айқындайды. «Азаматта күнкөріс минимумына тең кірісі болуы керек. Бүгінгі таңда ол сома 32 668 теңгені құрайды. Жалға беру уақыты – 5 жыл. Пәтерге мұқтаж азаматтың мәртебесі айқындалуы

тиіс. Одан бөлек, орташа аумақ 60 шаршы метрді құрайды. Яғни берілетін пәтердің көлемі 40-80 шаршы метр аралығында болады. Әр өңірдегі пәтерді жалға беру сомасы анықталады. Қазіргі уақытта бұл механизм мемлекеттік органдардың бәрімен талқылануда. 2020 жылдың соңына қарай механизмнің барлық параметрі «Нұрлы жер» бағдарламасымен айқындалады. Біз Үкімет қаулысы арқылы оны қабылдаймыз. Бірақ, әлбетте, бұл мәселе мемлекеттік органдармен ғана емес, қоғам өкілдерімен де кеңінен талқыланады» деді министр.

... АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Елорданың айналасындағы жасыл белдеудің тәжірибесін бүкіл өңірге енгізу көзделді. Астана орманы 2023 жылға қарай бүгінгі 87,8 мың гектардан 100 гектарға жеткізіледі. 2030 жылға қарай елдегі орманшылық үлесі қазіргі 4,7% - дан 5%-ға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

АЛМАТЫ

Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін Алматы мектептерінің оқу процесіне таратуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Бүгінгі күні НЗМ филиалының тәжірибесі қаланың 61 мектебіне таралуда. Алматы НЗМ ұйымдастырған семинарларға, вебинарларға және шеберлік сыншыларына мыңнан аса адам қатысқан.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Көкшетау – Атбасар» жолының 7+150 – 7+250 шақырым учаскесінде «Acrosoil» тұрақтандырғыш қоспасы сыналды. «Acrosoil» тұрақтандырғышы, тіпті жолдың саз балшықты жер төсемі мен негізгі қабаттарын нығайтуға мүмкіндік береді. Тәжірибелік учаскеде мониторинг жүргізілуде.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырауда облыс, қала және аудан әкімдіктерінде «Сервистік әкімдік» фронт офистері іске қосылады. Бұл мемлекеттік қызмет көрсетуші мекемелерді бір жерге орталықтандыру мен азаматтарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. «Сервистік әкімдік» фронт офистері әкімдік ғимаратының бірінші қабатында орналасады.

ШЫМКЕНТ

Шымкент қаласында жалпы 2 829 көше бар. Қала аумағы жыл санап ұлғайып, жаңа шағын аудандар пайда болды. Соған сәйкес 381 нысанға жаңа атау беру бойынша республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы шықты. Оның ішінде 24 шағын аудан, атауы қайталанатын 52 көше және 305 атауы жоқ көше бар.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
Білім және ғылым министрі:

“”

Атап айтқанда, енді балабақшаларда ағылшын тілі міндетті пән ретінде оқытылмайды. Бала жастайынан өз ана тілінде тәрбие алуы керек. Осы тұста, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс» деген ұсынысы біздің жұмысымызда қолданылады.

(07.09.2020. Фейсбуктегі парақшасынан алынды)



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Айгүл АРЫСТАНҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:

– Коронавирусқа қарсы ресейлік вакцина қазақстандықтарға егіле ме?

Бұл сауалға Премьер-министрдің орынбасары Роман Склярдың Үкіметте Жолдауды жүзеге асыру шаралары туралы өткен онлайн баспасөз конференциясында айтқан жауабын ұсынамыз. – Гамалея атындағы ресейлік институт қажетті вакцинаны бірінші болып тіркеді. Біз Ресейдегі вирусология ғылымының жоғарылығын бағалаймыз. 24 тамызда біз үкіметтік делегация құрамында алдын

ала келісімшартқа қол қойдық. Ол бойынша Ресей Қазақстанға алғашқылардың бірі болып вакцинаны сатуға міндеттеледі. Алайда ол сынақтың үшінші кезеңінен кейін жүзеге асырылады. Қазір сынақтың екі кезеңі аяқталды. Үшінші кезең желтоқсан айына таман аяқталады. Оның қамту ауқымы кеңейеді. Барлық сынақ өткен соң, вакцинаны сатып алу бойынша шешім қабылданады, – деді Р.Скляр.

ЖАСТАРДЫҢ МЕДИА-САУАТЫН БАЙЫТАДЫ

Елордалық жастарға желідегі уақытты дұрыс пайдалану туралы медиа-сауаттылық бойынша онлайн-дәріс оқытылады. Онлайн-дәрісте тыңдаушыларға интернетке тәуелді болмаудың, digital-интеллекті арттыру жолдарын үйретеді. Курс кеше басталды, оқыту барысында қатысушылар интернет-ресурстарды тиімді пайдалануды үйренеді. Сабақтар Zoom платформасы арқылы екі тілде өтеді.

«Біз жұмыс барысында балалардың интернетке тәуелді екенін байқадық. Осыған байланысты бірнеше әлеуметтік тәжірибелер жасадық, балаларға қолжетімді боп кеткен ғаламторды бір сағатқа, 30 минутқа дейін өшіре тұрдық. Бұл шектеу олар үшін оңайға соқпады. Ересектер үшін де бұл сынақ қиын екенін мойындаймыз. Біз таңертең көзімізді ашып, алдымен телефон ұстаймыз, телефонмен ұйықтаймыз. Бұл – интернетке тәуелді екеніміздің белгісі. Біздің мақсатымыз ғаламтордан біржола бас тарту емес, өйткені ол өмірімізге кірігіп кетті. Бірақ біз балаларға желідегі уақытты дұрыс пайдалануды үйреткіміз келеді. Олар тек онлайн оқыра бермей, өздері үшін пайдалы оқу курстарын алып, жаңа бір нәрсені үйренгенін қалаймыз. Осы мақсатта аталмыш курсты іске қостық» дейді Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрайымы Динара Сәдуақасова.



Курс 14 жасан 29 жасқа дейінгі балалар мен жастарға арналған. Оқу бағдарламасына «Медиа және интернет-сауаттылық», «Цифрлық беделді сақтау» және «Интернетке тәуелділік-

тің алдын алу» сияқты пәндер кіреді. Дәріс оқуға еліміздің беделді халықаралық жоғары оқу орындарының IT-технология саласындағы тәжірибелі мамандары шақырылды.

ЖӘРМЕҢКЕ ҚАЗАНЫ ҚАЙНАДЫ

Күз – берекелі ай. Жеміс-жидек пісіп, мал семіріп, қамба астыққа толып, қырда қызу еңбек қазандай қайнап жатады. Биыл бас шаһарда жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай ауылшаруашылық жәрмеңкесі басталды. Бірақ онда коронавируска байланысты санитарлық нормалар қатаң сақталады.



Өткен демалыс күндері Түркістан және Алматы облыстары шаруалары өндірген 800 тоннадан астам өнім жәрмеңкеге қойылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, әкелінген өнімдердің бағасы нарықтық бағадан 15-20 пайызға дейін төмен.

– Осындай ауылшаруашылығы жәрмеңкесін өткізу әлеуметтік маңызы бар өнімдерді төмендетілген бағамен сатуға мүмкіндік береді. Тұрғындар тарапынан сұраныс бар. Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын ұстап тұру үшін сауда желілерін жеңілдікпен несиелеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл 16 түрлі өнімнің бағасын сақтауға жағдай туғыза-

ды. «Айналым тетігі» жобасына бірқатар ірі сауда желілері мен базарлар қатысады. Олар тонна өнім сатып алу үшін біз оларға қаражат бөлеміз. Бұдан басқа, тұрақтандыру қоры құрылды, – деді елорда басшысы Алтай Көлгінов.

Қазіргі жағдайға байланысты сауда аумағында қашықтықты сақтау үшін сызықтар сызылды, адамдар ағыны шектеліп, жәрмеңкеге бір бағыттан кіріп, екінші бағыттан шығу қарастырылған.

Айта кетейік, жәрмеңке әр демалыс сайын өтеді. Алдағы 12-13-ші қыркүйекте Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстары ауылшаруашылық өнімдерін әкеледі.




КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Елорданың барлық төрт ауданында карантин талаптарын бұзғандарды анықтау бойынша мобильді топтардың жұмысы жалғасуда. Өткен демалыс күндері, 5 және 6 қыркүйекте полицейлер мен әкімдік өкілдері қаланың ойын-сауық орындары, сауда орталықтары және басқа да ШОБ нысандары бойынша рейдтер жүргізді. Кәсіпкерлер мен келушілер әлі де санитарлық нормаларды бұзуды жалғастыруда.

Алматы ауданында 24 ШОБ субъектісі тексерілді, 20-ға жуық талап бұзғандар анықталды. Байқоңыр ауданында 29 субъекті тексерілді, 26 санитария нормаларын бұзған дерек анықталды. Есіл ауданында 31 объект тексерілді, 26 дерек анықталды. Сарыарқа ауданында 30 объект тексеріліп, 12 дерек анықталды.

7 қыркүйектегі жағдай бойынша, Нұр-Сұлтан қалалық тауарлар мен көрсетілетін

қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетіне аудандық полиция басқармаларынан карантинді бұзған адамдарға қатысты 963 материал келіп түскен. 427 жеке және заңды тұлғалар ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабы бойынша (халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы бойынша талап бұзушылықтар) жалпы сомасы 95 715 990 теңге көлемінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.



ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Елорда әуежайында тепловизорлар орнатылып, санитайзерлер мен басқа да қорғаныс құралдары сатып алынды.

Нұрсұлтан Назарбаев атындағы халықаралық әуежайда санитарлық шаралар күшейтілді. Профилактикалық жұмыстар күн сайын жүргізіледі. Әр үш сағат сайын әуежай аумағы, қызметтік үй-жайлар, арнайы құралдар, сондай-ақ адамдар көп шоғырланған жерлерде дезинфекция жасалады.

–Біз терминалдардың барлық кіреберіс топтарына 15 термокамера орнаттық, жеке қорғаныс құралдары, маскалар, қолғаптар сатып алдық. Антисептиктер әуежайдың барлық терминалында және әкімшілік ғимаратында бар. Жолаушылар жиналатын жерлерде арақашықтық сақтау белгілері, орындықтарға ленталар жапсырылды, – деді «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ басқарма төрағасы-

ның орынбасары Арнабол Бақыт.

Барлық әуежай қызметкерлері жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілген. Ол үшін 14 мың жеке қорғаныс құралдары, 122 мың медициналық қолғап, 400 мыңнан астам маска сатып алынды. Қызметкерлерді ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексерулер күн сайын жүзеге асырылады. Егер олардан жоғары температура немесе басқа белгілер байқалса, олар жұмысқа шығарылмайды.

Қазіргі уақытта әуежай ішкі және бірқатар халықаралық рейстерді қайтады. Компания жолаушыларға санитарлық нормаларды қатаң сақтау, маска тағу, санитайзер қолдану және арақашықтық сақтау ескертеді.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған Әміре Қашаубаев атындағы мемлекеттік филармонияның 75 жылдығына арналған «Құлақтан кіріп, бойды алар...» атты дәстүрлі әншілер онлайн-байқауында Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясының дәстүрлі әншісі Слямғали Дәуренбек бас жүлдені жеңіп алды.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ


Қостанайдағы Ішкі істер министрлігіне қарасты Шырақбек Қабылбаев атындағы академияның қызметкері Мырзабек Тұйғанов таяуда ғана атасынан қалған кітаптар қорын ақтарып отырып, Абай Құнанбайұлының 1939 жылы Сәбит Мұқановтың алғысөзімен латын қарпінде шыққан кітабын тауып алған.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Мақтаарал ауданында топан судан зардап шеккен елді мекендерді қалпына келтіру мақсатында 895 үй қайта салынып жатыр. Қазіргі таңда 360-қа жуық үйдің құрылыс жұмыстары толығымен аяқталған. Қалған баспаналардың қабырғалары қаланып, шатыры жабылып жатыр.

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ АЙТЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Дін істері басқармасының бастамасымен елорданың діни бірлестіктерінің басшылары мен өкілдері ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылады.



Жиынға қатысушыларға карантин шаралары аясындағы діни бірлестіктердің қызметі және діни ғимараттардағы келушілермен өтетін бұқаралық діни шаралардың ережелері түсіндірілді.

Кездесуде баяндама жасаған Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Мирас Шекенов жолдаудың саяси, экономикалық және әлеуметтік маңыздылығы мен артықшылығын атап өтті. Діни бірлестік басшылары Жолдауға қатысты ойларын білдіріп, оны

жүзеге асырудың жолдары мен мүмкіндіктері туралы ұсыныстарымен бөлісті.

Сонымен қатар кездесуде Нұр-Сұлтан қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары Айгүл Шағалтаева қатысушыларға карантин шаралары аясындағы діни бірлестіктердің қызметі және діни ғимараттардағы келушілермен өтетін бұқаралық діни шаралардың ережелерін түсіндірді.

КӘСІП ҚОЛДАСА КӨКТЕЙДІ



–Ең ежелгі кәсіптің бірі наубайшы дер едім. Елордамызда алғашқылардың бірі болып, осы тірлікпен айналысып жүргені қоғам өмірінен де тыс қалған емеспіз. Оны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі деп түсінемін. Халықтың басына қандай қайғы келсе қолымыздағымен бөлісіп отырдық. Арыс, Мақтаарал тұрғындарына, жыл сайын тұрмысы төмен отбасының балаларына шамамыз келгенше мектеп құралдарын алып беріп отырмыз. Бұл, әрине, мемлекет тарапынан болған қолдаудың арқасында шығынымызды жауып, пайдамызды бөлісудің де сәті түсті.

Осыдан бірнеше жыл бұрын ДАМУ қорынан қомақты несие алып, нан пісіретін цехымызды жаңа құралдармен жабдықтадық. Бүгінде Түрік, Италияның жаңа технологиялары нан сапасының артуына әсерін тигізді. Мұның өзі нан бағасын бір қалыпты ұстап тұруға әсерін тигізді. Екі жыл бұрын бір бөлше нанымыз 75 теңгенің көлемінде болса, бұл бағаны содан бері көтергеніміз жоқ.

Шағын кәсібімізде 60-тан астам адам жұмыс істейді. Алпысының бақуаты менің жұмысымын оры-

нықты жүруіне тығыз байланысты. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтып, бизнестің тынысын ашатын бірқатар шараны қарастырғанына көп үміттеніп қалдық. «Қазіргідей жағдайда жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтау – басты басымдық. Сондықтан осы кезеңде көбірек зардап шеккен салалардағы шағын және орта бизнес өкілдерінің еңбекақы қорына түсетін ауыртпалықты жеңілдету маңызды болып отыр. Бизнестің осы санаты бойынша еңбекақыдан бюджеттік емес қорларға аударылатын төлемдерді жыл соңына дейін тоқтатуды тапсырамын» деді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы бизнес ахуалына тоқтала келіп, орташа және шағын кәсіпкерлікті атқарушы билік тарапынан тексеру жүргізуге тыйым салған үш жылдық мораторийдің тиімділігін айтты.

Рас, Мемлекет басшысы қоғамдағы болып жатқан келеңсіз мәселелерді білмей отырған жоқ. Оның да жолын кесудің де амалдарын қарастыруда. Оның дәлелі: «Бұл ретте сыбайлас жемқорлық мейлінше жиі туындайтын сәулет-құрылыс қызметі, санитарлық-эпидемиялық қадағалау, ветеринария, сертификаттау және басқа да салалардан бастау керек» деп көрсетті.

Бұл ретте Мемлекет басшысының шағын және орта бизнестің қызметін реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуді бастауға тапсырма беруі, елдегі кәсіпкерлікті жаңа белеске алып шығады деп ойлаймын.

Хасан ШАРИПОВ, кәсіпкер



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің пандемия және жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және келешектегі

негізгі траекториясын айқындап берді.

Бірінші кезекте Президент мемлекеттік басқарудағы жаңа өзгерістерге тоқталды. Пандемия жағдайы еліміздегі билікті басқарудың осал тұстарын байқатты. Осыны ескерген Мемлекет басшысы елімізде жаңа агенттік құруды Үкіметке тапсырды. Агенттіктің мақсатын да анықтап берді. Агенттік мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалайтын орган болуы керек деді.

Сонымен қатар, Президент мемлекеттік қызметкерлердің санын екі жылда 25 пайызға қысқартуды тапсырды. Заманның тез өзгеруін келешек цифрландырумен тікелей байланыстырды. Министрліктердің жанынан құрылған жауапты хатшылар институтын қысқарту керектігін атап өтті. Уақыт көрсеткендей, бұл институт өзіне міндеттелген қызметтің үрдісінен шыға алмады.

Президент мемлекетіміздің қазіргі дамуындағы негізгі 7 басымдылыққа тоқталды. Осы басымдылықтардың барлығы да бір ғана мәселеге, яғни адами капиталдың сапасын жақсарту арқылы Қазақстан халқының әлеуетін арттыруға бағытталады.

Адами капиталдың әлеуетін арттыру үшін Қасым-Жомарт Кемелұлы ең алдымен білім мен ғылымға, адам денсаулығы мен оның қоғам алдындағы жауапкершілігіне ерекше көңіл бөлуді тапсырды. Білім саласын цифрландыру үрдісін жалғастыруды тапсыра келе, Мемлекет

АДАМИ КАПИТАЛ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

басшысы Үкіметке жақын уақытта азаматтарды қашықтан оқыту үшін Ұлттық платформаны жасауды, сонымен бірге, жаңа жылдан бастап педагогтардың жалақысын тағы да 25 пайызға көтеруді тапсырды. Осы арада жас ғалымдарды ынталандыру мақсатында қосымша 1000 грант берілетіндігін мәлімдеді. Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев «диплом басумен айналысатын» сапасы төмен жоғары оқу орындарын бұдан әрі де білім нарығынан ығыстыруды ел Үкіметінің басшысына ерекше шегелеп тапсырды.

Тұрғын үй мәселесі де Жолдауда назардан тыс қалмады. Осы мақсатта мемлекеттік бюджеттен 390 млрд теңге бөлінгеніне тоқтала келе, Мемлекет басшысы арендалық тұрғын үй құрылысы саясатының одан әрі де жалғаса беретінін мәлімдеді. Сол үшін де жаңадан «Отбасылық банктің» ашылғандығы және тұрғын үймен қамту саясатына бөлінген әрбір тиын мемлекеттің бақылауында екенін тағы да шегелеп ескертті. Сонымен қатар, Президент 2021 жылдан бастап еліміздің азаматтары Бірыңғай зейнетақы жинақ қорындағы қаражаттың бір бөлігін тұрғын үй мен денсаулығын жақсарту мақсатында пайдалануға болатындығын, ол үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге қажет болған жағдайда өзгерту енгізуді тапсырды.

Мемлекет басшысы Жолдауда жастарға да ерекше назар аударды. Өмірге жеңіл қарамай, аянбай еңбек ету арқылы келешекте мол табыспен бақытқа қол жеткізуге болатынын жастарға нақты мысалмен түсіндіріп берді. Адам құқығы да Жолдауда ерекше мәнге ие болды. Жаһандану мен интернет жүйесінің тым қарқын алған заманында адамның ар-ожданын қатаң сақтау керектігіне тоқталды.

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
жоғары көлік және коммуникация колледжінің директоры, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНЫҚТЫРУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауындағы қандай мәселелердің сотқа қатысы бар? Біздің салаға қатысты айтылғандардың маңыздыларына тоқталсақ, алдымен заң үстемдігін орнықтыру және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік беру мәселесі көтерілді.

«Сот жүйесі ешкімге есік ашпайтын меңіреу мекемеге айналмауға тиіс. Жоғарғы сот кеңесі мен Жоғарғы сот жаңа кәсіпқой кадрларды сот төрелігін жүзеге асыруға тарту жұмысын белсенді жүргізгені жөн» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Әрине, ең бастысы дұрыс және әділ шешім шығару қажет. Сот айыптау жағынан тәуелді болмауы үшін, қорғаушы мен прокурордың тепе-теңдігі қамтамасыз етілуі керек.

Қылмыстық істер қарайтын соттардың алдында көптеген мәселелер қойылды. Мысалы: әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылық, жыныстық қатынасқа қатысты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстарға жазаны қатандату туралы жолдауда бағдар берілді. Сонымен бірге қылмыстық істерді қарауда қателік жіберуге жол берілмейтіні айтылды. Сөз жоқ, әр қатеден адамдардың тағдыры шешілетіні осы сот саласының қызметкерлері әрқашан ескеруі қажет. Соттарға мемлекеттік органдардың әре-



кеттеріне шағымдар қарау құзіреті беріледі. Мұндай қадам мемлекет органдарымен, халық арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ әкімшілік құқықбұзушылық пен қылмыстық құқықбұзушылықтың ара-жігін нақты анықтап, сот тәжірибесін бірізділікке түсіру атап өтілді.

«Сот жүйесі салық салу, жер қойнауын пайдалану, зияткерлік меншік, корпоративтік құқық саласының мамандарына зәру болып отыр. Судьяларды іріктеу бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен жүргізілуге тиіс. Үміткердің қандай

еңбегі арқылы жұмысқа қабылданғанын жұртшылық біліп отыруы керек» деді Президент. Осылайша сотқа салық, жерқойнауы байлығын пайдалану, интеллектуалды меншік, корпоративтік құқық салаларында мамандарды тарту жүктеліп отыр.

«Бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашады. Дамыған елдерде мұндай институттар өзін-өзі таныта білуде» деді Президент. Медиацияны, яғни дауларды келісіммен шешуді кең насихаттап, қолдану қажеттілігі, сөйтіп қоғамда тыныштықты қамтамасыз ету туралы атап өтілді. Бұл бағытта сот саласында атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік.

Сайран ӘЛІМБАЕВА,
Нұр-Сұлтан қалалық сотының судьясы



IQALA-ҒА ТАҒЫ 60 ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ҚОСЫЛАДЫ

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында цифрландыру саласына ерекше назар аударды. «Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы. Ең алдымен, цифрлық теңсіздікті жойып, барлық азаматты интернетпен және сапалы байланыспен барынша қамтамасыз ету керек. Біз зейнетақы мен жәрдемақы тағайындаған кезде халықтың буда-буда қағаз толтырып, сансыз есікті тоздыруға мәжбүр болып жүргенін көріп отырмыз. Мұның бәрін толықтай цифрландыру керек. Адамдар емес, мәліметтер «зыр жүгіруі тиіс» деді Президент. Елордада өткен жылы ашылған iQala қалалық қызметтер орталығында бүгінде 131 қызмет түрі көрсетіледі. Бұл – тұрғындардың бір қағаз үшін бірнеше мекемені араламай, керек құжатын аз уақытта алуға мүмкіндік береді. Осы орайда орталықтың атқарып жатқан жұмыстары мен жаңалықтары туралы жазуды жөн көрдік.

iQala қалалық қызметтер орталығы «Астана – адалдық алаңы» жобасы аясында елорда әкімдігі мен бұрынғы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қолдауымен құрылған. Бастаманы «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

жүзеге асыруда. Орталық бизнесті қолдау, әкімшілік кедергілерін жою, сыбайлас жемқорлықты азайту және мемлекеттік қызметтерді цифрландыру жөніндегі міндеттерді шешеді. Мақсаты – «бір терезе» қағидаты бойынша қызметтерді ұсыну. Бұрын жарыққа, суға, жылуға қосылу және

қоқыс шығару жөнінде келісімшарт жасау үшін жеке және заңды тұлғалар әрбір монополисті жеке-жеке айналып өту қажет болатын. Енді оны бір жерде, iQala орталығында немесе www.iqala.kz порталында ӘЦҚ көмегімен үйден шықпай-ақ алуға болады.

Сондай-ақ орталықта кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға инженерлік желілерге қол жеткізу үшін техникалық шарттарды ұсыну және алу қызметтері онлайн форматта ұсынылады. Тұрғындар ауызсу, жарық, жылудың инженерлік желілеріне қосылу үшін қашықтан өтініш беріп,

нәтижесі бойынша техникалық шарттарды алуына болады.

iQala қалалық қызметтер орталығы басшысы Руслан Жұмаділовтың айтуынша, бұрын өтініш беруші құжаттардың дайындығын анықтау үшін мекемелерге жеке-жеке қоңырау шалып, хабар алып отыруы тиіс болатын. Қазір үш күн ішінде өтініш берушіге құжаттарының дайын болғандығы туралы SMS-хабарлама келеді.

Орталықта жеке және заңды тұлғаларға арналған келесі монополистердің қызметтері біріктірілген:

- «Астана-АЭЖ» АҚ;
- «АстанаЭнергоСбыт» ЖШС;
- «Астана-Теплотранзит» АҚ;
- «Астана Су Арнасы» МКК;
- «Астана-ЕРЦ» ЖШС;
- «Clean city» ЖШС;
- «S P K Astana Development» ЖШС («1000 орын – көше саудасы» бағдарламасы бойынша);
- «Қазақтелеком» АҚ;
- «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК.

Қазіргі уақытта iQala-да тікелей 131 қызмет түрі көрсетіледі. Қызметтердің толық тізімі www.iqala.kz порталында қолжетімді. Кез келген қызмет түрін онлайн арқылы жеке кабинетте авторизациядан өту қажет.

Қалалық қызмет көрсету орталығы жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қызмет көрсетеді. Орталықтың бас кеңсесі Р.Қошқарбаев даңғылы, 29 мекенжайында орналасқан. Сонымен қатар елорда тұрғындары «АстанаЭнергоСбыт» ЖШС-нің Бөгенбай батыр даңғылы, 24/1 және Сыға-

нақ көшесі, 25 («Аңсар» БО, 1 қабат) бойынша орналасқан фронт-кеңселерінде iQala қызметтеріне жүгіне алады.

Карантин кезінде «iQalaz_bot» telegram-боты іске қосылды, оның көмегімен тұрғындар коммуналдық төлемдердің түбіртектерімен танысып, телефонға жүктей алады. Сонымен қатар телеграм-ботта электрондық цифрлық қолтаңба мен шот фактураны онлайн алу үшін нұсқаулық бар.

Қазіргі уақытта iQala-да интернетке қосылған, веб-камералары бар, 6 дербес компьютермен жабдықталған өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы ашылды. Өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында қызмет алушыға egov.kz электрондық үкімет порталында ӘЦҚ-ны алу жөнінде кеңестер беріледі. Мұның бәрі компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыру және азаматтарға онлайн-қызметтерді өз бетінше пайдалануға үйрету мақсатында іске асты.

Орталық құрылған сәттен бастап 33891 коммуналдық қызметтер көрсетілді. Оның 24413 қызметі фронт-кеңседе көрсетілсе, 9478-і онлайн форматта жүзеге асты.

Алдағы уақытта iQala орталығы барлық қалалық қызметтерді цифрландыру мен қызмет көрсету сапасын арттыруды мақсат етіп отыр. Ағымдағы жылдың соңына дейін тағы 20 қызметті цифрландырып, барлық қолжетімді қызметтер санын 151-ге дейін жеткізу жоспарланған. Ал келесі жылға iQala порталына тағы 60-тан аса жаңа қызмет түрін енгізу көзделіп отыр.

Наима
НҰРАЛЫҚЫЗЫ

ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ МАЗАЛАЙДЫ?

Елорданың «Железнодорожный» тұрғын алабында газ тарату желілерінің құрылысы 100 пайыз аяқталды. «Промышленныйда» желілер жылыту маусымы басталғанша салынып бітеді. Қаланың шеткі аймақтарын аралап, тұрғындармен кездескен Алматы ауданының әкімі Бектенбай Есполов халыққа осыны хабарлады.

© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Газға қосылғысы келетіндер үшін айтайын, бұл үдеріс орташа есеппен 10-15 күнге созылады. Есептеу құралдарын беруді 10 қыркүйектен бастауды жоспарлап отырмыз. Газды қосуды немесе қоспауды тұрғындардың өздері шешеді. Біз өз тарапымыздан барлық қажетті ақпарат пен кеңестер беруге дайынбыз, – дейді аудан әкімі.

Оның айтуынша, газдандыру бойынша барлық ақпаратты Ж.Жабаев көшесі, 12/2 мекенжайында орналасқан кеңсеге келіп білуге болады. Аудан әкімдігінде осы іске жауапты бас инспекторлар бар. Нұржан Кәкімбековтің ұялы теле-

фон нөмірі 8 778 669 97 70. Ал Аян Сыздықовпен 8 778 900 61 51 нөмірі арқылы хабарласуға болады. Олар тұрғындардың газдандыруға қатысты сұрақтарына жауап береді.

Алдында «Интернациональный» тұрғын алабының тұрғындары аудан әкіміне су құбырлары мен кәріздерін ретке келтіру жөнінде өтініштерін жеткізді. Аудан басшысы олармен де кездесіп, елді мекенде істелетін жұмыстарды хабарлады.

– Осы жылы «Интернациональныйда» сумен жабдықтау жүйесі мен нөсер кәріздері іске қосылады. Келесі 2021 жылы кәріз пайдалануға беріледі. Әрине, шешімін таппай

тұрған мәселелер де жоқ емес. «Ұзақ жолдың қиындығы мен кедергісі мол» демекші, шаршамай әрі тоқтамай жүріп өтер болсақ, ауданымызды көркейтіп, тұрғындардың жағдайын жақсартамыз, – дейді Б.Есполов.

Қазір әлеуметтік желілер арқылы да оған тұрғындар тарапынан өтініштер айтылып жатыр. Ақгүл Бабкенова Жағажай көшесінен Көлсай көшесіне дейінгі жолдың жағдайы сын көтермейтінін жеткізді. Сондай-ақ ол жарықтандырудың жоқтығына налыды.

Мырзахмет Өксікбаев дейтін тұрғын А.Байтұрсынов көшесіндегі №72 мектеп-лицейдің маңай-



ында тротуардың бұзылғанына үш апта болғанын, алайда тиісті жұмыстар әлі басталмағанын айтты. Дәл

осындай жағдай Т.Жүргенов көшесінде №74 мектеп-гимназиясы аумағында да орын алған. Бұл мәселелерге қа-

тысты аудан әкімдігінен тұрғындарға нақты жауаптар берілген жоқ. Сондықтан қашан шешілетіні белгісіз.

ЖИНАҒЫНА ӘРКІМНІҢ БАР ТАЛАСЫ...

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында тұрғындарға зейнетақысының бір бөлігін алуға рұқсат ету мәселесі қарастырылды. Келесі жылдан бастап БЖЗҚ-дағы жинақтардың бір бөлігін мақсатты пайдалану үшін оны алу құқығы беріледі.


Жинақтың бір бөлігін бұрын жұмыс істеген, жұмыс істеп жүрген азаматтар, яғни БЖЗҚ жарналары бар, зейнет жасына жеткен кісілер, егер оларда жинақтаушы қорында қаражаты бар болса, олар сол қаражаттың 50 пайызына дейін ала алады. Сонымен қатар зейнетақы аннуитетті реттеген азаматтар, егер олар жинақтаушы, мына сақтандыру қорына аударғаннан кейін жинақтаушы зейнетақы қорында қаражаты қалған болса,

оларды толығымен алуға болады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өкілдерінің мәліметінше, жеке зейнетақы шотыңыздың жай-күйі туралы ақпаратты алудың бірнеше жолы бар. Алайда қор өкілдері еліміздегі карантин режиміне байланысты бұл қызметті онлайн алуға шақырады. Ол үшін БЖЗҚ веб-сайтында «Жеке кабинетке» немесе БЖЗҚ ұялы қосымшасына логин мен құпия сөзді яки болмаса электрондық

цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып кіріп, қажет ақпаратты таңдап алыңыз. Электрондық цифрлық қолтаңбаны egov.kz сайты арқылы қашықтан алуға болады. Егер сайт немесе ұялы қосымша арқылы кіре алмасаңыз кезекші қызметкерлерге хабарласып, осы мәселені түсіндіруге болады. Қазақстан бойынша кезекші қызметкерлердің тізімі eprf.kz сайтында «Байланыс» бөлімінде орналасқан. Зейнетақы жинағыңыздың жай-күйі туралы

ақпаратты алудың басқа жолдары да бар, бірақ олар уақытша қол жетімсіз. Дегенмен, карантин режимі аяқталған соң, қызметті Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кез келген кеңсесіне келіп алуға болады. Егер зейнетақы шотындағы қаржыны пошта немесе электронды пошта арқылы бақылап отырғыңыз келсе, БЖЗҚ бөлімшесіне келіп, алдын ала қосымша келісімшарт жасасу қажет.



МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕР- ЛЕРІ ӨТЕМАҚЫ АЛДЫ

COVID-19-бен күресуге тартылған 1 259 медицина қызметкері коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) берілетін біржолғы әлеуметтік төлемді алды.

Сондай-ақ МӘСҚ аурудың салдарынан қайтыс болған 11 медицина қызметкерінің туыстарына төлемдер аударды.

Бұдан бұрын хабарланғандай, жоғарыда аталған төлем төленетін медицина қызметкерлерін өңірлердің және республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтау басқармалары жанындағы арнайы комиссиялар ауырған медицина қызметкерлерін тексеру нәтижелері негізінде анықтайды. Өтінімдердің жинақтауды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады, одан кейін өтінімдер электрондық іс макеттерін қалыптастыру үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа беріледі, кейін төлем тағайындау үшін МӘСҚ-ға жіберіледі.

МӘСҚ COVID-19 немесе вирустық пневмония жұқтырған 1 259 медицина қызметкерінің өтініші бойынша және аурудың салдарынан қайтыс болған 11 медицина қызметкерінің өтініші бойынша ақшалай қаражатты тағайындау мен төлеуді жүзеге асырды.

Өңірлер бөлінісінде медицина қызметкерлеріне COVID-19 немесе вирустық пневмонияны жұқтыру жағдайына төлемдердің ең көп саны Нұр-Сұлтан (251) және Алматы қалаларынан (139), Алматы (105), Қарағанды (97) және Ақмола (95) облыстарынан жүргізілді.



ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ-2020

БЖЗҚ-ДАН ЖИНАҚТАРДЫҢ БІР БӨЛІГІН КЕЛЕСІ АЗАМАТТАР ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ:



**«ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ»
ДЕП АТАЛАТЫН СОМАДАН АСАТЫН
ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ БАР
ЕҢБЕККЕ ЖАРАМДЫ ЖАСТАҒЫ
АЗАМАТТАР**
(ШАМАМЕН 529,7 МЫҢ АДАМ)
**БЕЛГІЛІ БІР СОМА ЗЕЙНЕТАҚЫ
ШОТЫНДА ҚАЛУЫ КЕРЕК.**



**БЖЗҚ-ДА ЖИНАҚТАРЫ БАР
ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР – ЖИНАҚТАЛҒАН
СОМАНЫҢ 50%-ЫНА ДЕЙІН ПАЙДАЛАНА
АЛАДЫ (ШАМАМЕН 178,4 МЫҢ АДАМ).
ОСЫ САНАТТА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОҒАЛҒАН
ТАБЫС МӨЛШЕРІНІҢ КЕМІНДЕ
40%-ЫН ҚҰРАУҒА ТИІС**



**ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІН
РЕСІМДЕГЕН ЖӘНЕ ӘЛІ ДЕ
ЖИНАҚТАРЫ
БАР АЗАМАТТАР**
(ШАМАМЕН 13,3 МЫҢ АДАМ)

«ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІНІҢ» НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ:

- әйелдер мен ерлер үшін бірдей;
- жаңа алушылар үшін қайта есептелетін болады;
- 20 жастан бастап әр жас үшін есептеледі.

**30 ЖАСТАҒЫ АЗАМАТТАР ҮШІН
«ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ»
2 МЛН. 518 МЫҢ ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙДЫ.**

35 жас үшін – 2 млн. 961 мың теңге;
40 жас үшін – 3 млн. 437 мың теңге;
45 жас үшін – 3 млн. 947 мың теңге;
50 жас үшін – 4 млн. 495 мың теңге;
55 жас үшін – 5 млн. 084 мың теңге;
59 және одан үлкен жас үшін – 5 млн. 586 мың теңге.



**ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫН
ЖАҚСARTУҒА,
ЕМДЕЛУ ҮШІН ТӨЛЕУГЕ НЕМЕСЕ
ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН
СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА ҚАРЖЫ
КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРУГЕ БОЛАДЫ.**

**ТҰРҒЫН ҮЙ 5 ЖЫЛ ӨТКЕННЕН
КЕЙІН ҒАНА САТЫЛУЫ МҮМКІН.**

**ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН
ТҰРҒЫН ҮЙ САТЫП АЛУҒА ПАЙДАЛАНУ
ОПЕРАТОРЫ РЕТІНДЕ «ОТБАСЫ БАНКІ»
ҰСЫНЫЛАДЫ.**

КАРАНТИННЕН КЕЙІНГІ ӘЛЕМ



Мысалы, Оңтүстік Кореяда коронавирус жағдайының қайта өршуі елдегі басқару жүйесіне әсер ете бастады. Бейсенбіде парламент жабылып, билеуші партияның кейбір қызметкерлері үйдегі карантинге алынды. Ал, осы елдегі Samsung компаниясы осындай жағдайға қарамастан фармацевтикалық бизнесті кеңейтуді жалғастыруда. Дәрі-дәрмектерді шығаратын зауыттың құрылысына шамамен 2 миллиард доллар инвестиция салған компания оны 2022 жылы әлемдегі ең ірі өндіріс орнына айналдырмақшы. The Wall Street Journal-дың хабарлауынша, компания коронавирус пандемиясымен байланысты өнеркәсіптің өзгеруіне орай биологиялық препараттар нарығының одан әрі өсуіне бәс тігіп отыр.

ОҢ ӘСЕР

АҚШ, Қытай компаниялары 2020 жылдың наурызынан маусымына дейінгі кезеңде бірінші тоқсанда жоғалған позицияларын қалпына келтіруде. Салыстыру үшін: 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша MSCI World индексі (23 дамыған экономикадағы ірі және орташа компаниялардың акцияларының динамикасын көрсетеді) 2019 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштен 7 пайыз артта қалып, 2020 жылдың бірінші тоқсанында жоғалған позициялардың көп бөлігін қалпына келтірді. «Нарықтың күрт құбылмалылығына әкелетін жаһандық индет жағдайында барлық компаниялар инвесторлардың жағымсыз «көңіл-күйін» өткереді, өйткені инвесторлар кез-келген нюанстарға аса сезімтал болады. Алайда қазіргі пандемия технологиялық компаниялардың икемділік пен бейімділікті көрсете алғанына көзімізді жеткізді. Бұл инвесторлардың назарын аударып,

олардың сенімін тудырды және нәтижесінде мұндай ұйымдардың капиталдануына оң әсер етті» деп түсіндіреді PwC Қазақстан консалтингтік серіктесі Наталья Лим.

КӨРШІ ЕЛДЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ

Пандемия кезіндегі нарықтың құбылмалылығы Қытай сияқты алпауыт елге де әсер етуде. Дегенмен «жыланды үш кессе де кесірткелік қауқары бар» демекші, басқасы-басқа, тап Қытайдың экономикасы әлсіреп қалмасы анық, бірақ Қытайда бірдеңе болса оның салқыны өзге елдерге тиюі мүмкін екенін ешкім жоққа шығармас.

Economist басылымының жазуынша, Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасына пандемияның зардамы тиді. «Си Цзиньпиннің ең ірі жобасы қалай аман қалады?» деп аталатын мақалада COVID-19 пандемиясының экономикалық салдары Қытайдың халықаралық бастамаларына, бірінші кезекте «Бір белдеу – бір жол» жобасына кері әсер етті дейді.

Ал, қасымыздағы көршіміз Ресей экономикасы туралы сарапшылар 2021-22 жылдары қалыпты қалпына келеді деп болжайды. Есеп бойынша, Ресейдің ЖІӨ 6 пайызға қысқарады, ұй шаруашылығының жалпы тұтынуы 4.9 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 8 пайызға төмендейді. Коронавирустық индеттің екінші толқынының әсерінсіз, Ресейдің ІЖӨ өсімі 2021 жылы 2.7 пайызды құрайды, ал 2022 жылға қарай бұл көрсеткіш 3.1 пайызды құрайды. Ресейдегі Дүниежүзілік банктің жетекші экономисті Апурва Санги «Жұмыссыздықтың күрт өсуі, нақты жалақының төмендеуі, салық түсімдерінің төмендеуі және әлсіреген банк секторы

сияқты пандемияға негізделген рецессияның тікелей әсері бар» деп мәлімдеді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС БОЛА МА?

Дүние жүзілік экономикада қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқанына қарамастан сарапшылар әлемде экономикалық дағдарыс болады деп болжайды. Bloomberg баспасының мәлімдеуінше, қауіптер жоқ емес. Pacific Investment Management кеңесшісі Иохим Фелстің айтуынша, қазір елдердің экономикасы біршама жоғарылауда, бірақ одан кейін тағы да төмен түседі. Тағы бір мәселе – коронавирустың екінші толқыны. Бруклин институтының маманы Уоррик Маккиббин әлемде вакцинацияны бастау үшін аз уақыт кетпейтінін айтады. Ол әлемдік экономикадағы пандемияның кесірінен болған шығындарды 35 триллион долларға жуықтап отыр.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ҚАЛАЙ?

ДБ сарапшылары 2020 жылдың 25 маусымында өткен «Орталық Азиядағы COVID-19: кедейлік және әлеуметтік-экономикалық салдар» атты аймақтық онлайн брифингте Орталық Азияның бес елінің үшеуінде, атап айтқанда, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанда ЖІӨ төмендейтінін көрсеткен. Түркіменстан экономикасы бұрынғы деңгейде қалмақ. 2019 жылмен салыстырғанда әлдеқайда баяу болса да, Өзбекстан әрі қарай өсе бермек деп болжам айтты.

Ал, Орталық Азия аймағы бойынша бас экономист Уильям Зейцтің зерттеуінше, Өзбекстанда карантин шаралары нәтижесінде жұмыс істейтіндер саны күрт қысқарған. Тәжікстандағы жағдай да осыған ұқсас, Өзбекстандағыдай мұнда да негізінен

PwC талдауы бойынша (Консалтинг және аудит саласы қызметтерінің халықаралық желісі) әлемдегі ең үздік 100 компанияның 87-сінің бизнесі карантин кезінде тұралап қалса да, көп уақыт өтпей тез қалпына келген, бірақ нарықтың тұрақсыздығы әлі де жоғары. Пандемия әлемді «дейін» және «кейін» деп бөліп, технологиялық компаниялардың жаңа жағдайға икемділігін сынап көрді, сонымен бірге технологиялық революцияға серпіліс беруде.

қызмет көрсету секторы зардап шеккен, сонымен бірге шетелге жұмыс күшін жіберушілерге де қиындық көп. Қазақстанда жұмыс күшіне сұраныс қатты төмендеген салалар – сауда, әкімшілік басқару, заң, бухгалтерлік есеп салалары. «Біздің болжам бойынша, 2020 жылы кедейлердің саны 1,4 миллион адамға дейін артады» дейді ол.

ТУРИЗМГЕ ТҰСАУ

Нью-Йоркте өнерсүйер қауым үшін карантин аяқталды: алты ай карантиннен кейін Манхэттендегі заманауи өнер музейі өз есігін қайта ашты, Метрополитен музейі де жұртшылыққа ашылды, бірақ әзірге онда кіретін адамдар саны шектеулі болып отыр, алғашқы күні әдеттегідей 30-40 мың адам емес, 10 мың адам келді.

Сөйтіп, бір ел бұрынғы тіршілігіне көшсе, бір елде жағдай өзгерген. Әсіресе, туризммен күн көріп отырған елдерге карантин әсері қатты білінуде. Жалпы алғанда биыл жаһандық туризм де талай табыстан қағылып, пайда түсімі 80 пайызға дейін азаюы мүмкін екен. Бейжіңде өткен Дүниежүзілік туризм ұйымы халықаралық конференция барысында осындай болжам айтылды. Және ол негізсіз емес. Қауіпті вирус әлем халықтарының саяхатқа шығуына тұсау болды. Ішкі туризм де біраз уақыт жабық тұрды. Жергілікті биліктер араласпаса, іс тіпті құрдымға кетуі мүмкін екенін ескертті. Индонезияның Бали аралы коронавирустың таралу қауіпіне байланысты шетелдік туристер үшін биылғы жылдың соңына дейін жабық болмақ.

Интернет материалдары бойынша дайындаған

© Бетті дайындаған
Жадыра ШАМҰРАТОВА



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



«ХАЙШЕН» ТАЙФУНЫ

Жапонияның оңтүстік-батысында «Хайшен» тайфунына байланысты шұғыл эвакуация жарияланды. Мәліметтер бойынша тайфун елдің алты префектурасындағы 1,6 миллионнан аса адамға қауіп төндіреді.

11 префектурадағы тағы 6 миллион адам эвакуациялану туралы ұсыным алды. Тайфун Жапон аралдарына қатты жаңбырмен, жойқын желмен және жоғары толқындармен келген. Қазіргі уақытта желдің күші секундына – 40 метр, екпіні секундына 60 метрге дейін жетеді. Кюсю мен Сикоку аралдарын елдің қалған бөлігімен байланыстыратын 579 ішкі рейс тоқтатылды. Сонымен қатар Ресейдің Приморье өлкесі мен Корея түбегінде де апатқа дайындық жүріп жатыр.



НАВАЛЬНЫЙДЫҢ КҮЗЕТІН КҮШЕЙТТІ

Неміс билігі ресейлік оппозиционер Алексей Навальныйдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді барынша күшейтті. Германия Сыртқы істер министрлігінің хабарлауынша, саясаткер төңірегіндегі жағдай қазір әлем назарында.

Навальный әлі күнге Берлин клиникасында ес-түссіз жатыр. Дәрігерлердің хабарлауынша, оның ем-домы ұзаққа созылады.



БАҒДАД ӘУЕЖАЙЫНА ОҚ АТЫЛДЫ

Аэропортқа үш зымыран атылғандығы мәлім болды. Олардың біреуі азаматтық бөлімдегі автотұрақта жарылып, төрт автокөлікті бүлдірді.

Әзірге зардап шеккендер туралы ақпарат жоқ. Болжам бойынша, зымырандарды атқандар әуежайдың территориясында орналасқан америкалық және ирактық әскерлер орналасқан әскери аэродромға шабуыл жасағысы келген.



ТЕРІН САТПАЙ, ТЕЛМІРІП..

Қазір баспасөз беттерінде Ұлы Абайдың 175-жылдық мерейтойы қарсаңында көптеген мақалалар шығып жатыр. Сол еңбектерді, жалпы газеттерді оқытындар көп пе, оқымайтындар көп пе деген ой келеді. Менің ойымша, соңғысы басым сияқты. Олай дейтінім Кеңес дәуірінде сын айтылған немесе ұсыныс жасалған мақалаларға жауап беріліп, шара қолданылып жататын, ал қазір жұмған ауыздарын ашпайды, себебі оқымағандықтан шығар.



Қазір індетке байланысты бізге, қарттарға үйден шықпаңдар деп отыр. Уақытты өткізу үшін телеэкранға үңілсең мәнді, құнды ештеңе таппайсың. Соны басылымдарға беделді адамдарда жазып жатыр, түк өзгеріс жоқ. «Таңшолпан», «Дара жол», «Ниет» сияқты бағдарламаларды көруші едік, оларды да құртып жіберді. Бұлардың бәрін сөздің ретіне қарай айтып отырмын.

Негізгі қозғайын деп отырған тақырыбым Абай атамның «Бес асыл ісі»-нің кейбіреулері. Менің алдымда журналист Мархабат Байғұттың 2013 жылдың 23 шілдесінде «Егемен Қазақстан» газетінде шыққан өте көлемді мақаласы жатыр. Мархабат мырза әрқайсысын өте әдемі дәлелді жолдармен талдаған. Ал осыны оқып, өзінің өмірлік жолында бағдарлама ретінде ұстанып жүргендер бар ма? Әй, некен

саяқ-ау-деймін.

Жалпы, менің пайымдауымша, осы бес асыл іс қазақ идеологиясының өзегі болуы керек. Балалар мекемелерінің тәрбие жұмыстары осы қағидаларға негізделіп, жасөспірімді азамат ретінде қалыптастырса ұстаз өз міндетін толық атқарды деуге болар еді.

Бірінші Ұлы Абайдың талап деген сөзін алайық. Меніңше, талапсыз адам болмайды. Бұл менің ойым, ешкім қол қусырып отырмайды. Біреу жақсылық жаққа талаптанса, енді біреуі жамандық жаққа ұмтылады. Жақсылыққа талаптанғандар өзіне, халқына пайдалы істер атқарса, ал жамандыққа талпынғандар бірінші өзіне зиян келтірсе, екінші жүрген ортасына жамандық жасайды. Осы балалардың бәрі бір мектепте, бір мұғалімдерден тәрбие алған. Неге әртүрлі?

Балалар мекемелерінде тәрбие жұмысы жүргізіледі,

көбіне жалпылама түрде. Оқушының ерекшелігі, мінез-құлқы, ата-аналарының жағдайы, жүрген ортасы т.б. тынғылықты ескерілмейді. Біз көбіне тыныш отырған баланы құрметтейміз, ал мінезді тыныш отыра алмайтындарды тәртіпсіздер қатарына жатқызамыз. Осындай балалардан бір өнер шығады. Оның жақсы болуы да мүмкін. Ал жаман болмау үшін, ол баланы терең зерттеу қажет. Қазір мектептерде штат ұлғайтылған, солардың ішінде директордың ғылым жөніндегі орынбасары, психолог және басқада мамандар бар. Солар ғылыми негізде қызмет жасап, әрбір оқушыны терең зерттеп, ата-анамен, жүрген ортасымен бірігіп жұмыс атқарса, өз нәтижесін береді деп ойлаймын. Бірақ көпшілік жағдайда білім саласының басшылықтары оған мүмкіндік бермейді. Бізде қаптаған қажеті шамалы, баланы өсіп дамуына пайдасы аз шараларға дайындайды, уақытты босқа өткізу ғой. Сонымен уақыттары өтіп жатады. Кейде мұғалімдерді аяймын. Басқа қызметкерлер кеңседен кеткен соң уақыттары бос, ал ұстаздар үйіне келген соң да ертеңгі сабақтарға дайындалуы керек, оның үстіне балалар мекемелерінде істейтіндердің басым көпшілігі әйелдер. Үй шаруасы бар. Жалпы, оқытушылардың қатарында еркек қауымның көбірек болғаны дұрыс болар еді. Ол үшін еңбек ақылары жоғары болуы қажет. Жаңа заң қабылданды, ол да жартылай шешім бе деген ойға келемін. Байқап отырсам, медицина мен білім саласында басшылардың қатарында да ер-азаматтар сиреп бара жатқан сияқты. Бұл менің әйелдерді кемітіп отырғаным емес, ол кісілер мені кешірсін. Әйелдердің ішінде де еркектердің кейбіреуінен жақсы басқаратындар жеткілікті. Жалпы, еркек пен әйелдің басқару әдістерінде өзгешеліктер бар.

Ұлы Абай еңбек тақырыбына баса көңіл бөледі. Баланы сөбі кезінен еңбекке бейімдесе, өсе келе еңбекқор болады. Мысалы екі-үш жастағы балаға үйдегі қоқысты шығарып кел десең, бала жүгіре жөнеледі. Осылай жасына қарай тапсырма беріп отырса бала соған дағдыланады. Ауыл балалары қала балаларына қарағанда қол еңбегіне икемділеу келеді деп ойлаймын. Өйткені олар дала жұмыстарына, жас кезінен ата-аналарына көмекші болып өседі. Қала балаларына да жұмыс табуға болады. Біз үй жұмысы қыз балалардікі деп ойлаймыз. Негізінде осы жұмысқа үл балаларды да тартуға болады.

Бірде екі немерем Әліби мен Санжар келіп, үйді тазалап, шаңсорғышпен жұмыс істеп, атасы мен әжесіне көмектесіп кетті. Жұмыс істеулеріне қарап, бұл олардың күнделікті үйдегі істері екенін байқадым. Енді кішкентай немерелерім Ибраһим мен Әлиханнның айтуынша, олар үйде бақша суарып, ыдыс жуады екен.

Абай атам «... шошым кейінгі жас балалардан; Терін сатпай, телміріп, көзін сатып...» дегені жастарымыздың еңбекке құлықсыз екендігін байқатады. Ондай жастар ортамызда бір шама кездеседі. Ата-анасының зейнетақысына қарап отырған немесе жеңіл-желпі жұмыстарды атқарып жүрген ұл балалар баршылық. Менің байқағаным ұл балалардың біразы мейрамханаларда даяшы немесе жолаушылар көлігінде жолсерік қызметтерін атқарып жүрсе, қыз-келіншектеріміз қыстың аязында көшеде қар тазалап жүреді. Неге олай, керісінше болуы керек қой. «Үш жылдығын ойламаған еркектен без» дейді дана халқымыз. Ауылда жұмыс жоқ дейміз. Жұмыс бар, соған мойын бұра бермейді көбі. Жас кезімізде ауылда үлкендерге көмектесіп, қол шалғымен шөп шауып, ат-арбамен шөпті үйге таситынбыз. Отын дайындайтынбыз. Үйдің жанына картоп отырғызатынбыз. Осындай әдіспен өзімізді-өзіміз асырайтынбыз. Мал өсіруге кім кедергі жасап отыр? Ауылға барғанда осыны кейбір тұрғындардан сұрасам: «Ол өзін-өзі ақтамайды», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалы дұрыс айтылған.

Қазір Үкімет коронавирусқа байланысты қолдау ретінде белгілі бір қаржы беріп жатыр. Меніңше, мұндай көмекті еңбекке жарамсыздарға беріп, он екі мүшесі сауларға балық емес қармақ беру бағытын ұстанған жөн болар еді.

Ойымды Хакім Абайдың мына сөзімен аяқтауды жөн көрдім: «Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды. Ерінбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, бәрі бай болады».

Мақтанғаным емес, алпыс жылға тарта адал еңбек еттім, міне бүгін соның зейнетін көріп отырған жағдайым бар.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
зейнеткер

МІНЕЗ

(Отыз тоғызыншы сөз)

Бұл сөзде ұлттық мінез туралы терең ойлар айтылған. Абай өз замандастары мен ата-бабалардың мінезін салыстырып, өз туыстарының бұрынғыларға қарағанда ілгері екендігін мойындай отырып, осы күнгілерде ата-бабаның екі мінезі жоғын айтады. Бұл мінездердің жоқтығынан қазақ қауымның адал ісі ала баспай отыр. Елдіктен кетіп барамыз, сайтандыққа салына бастадық. Ол қандай мінездер еді. Бірі – ерте заманда ел басы, топ басы деген кісілер болушы еді. Ел арасындағы баршама болмысты солар реттеп, басқаратын. Ел басыға жұрт сеніп, қарапайым шаруа өз жұмысымен болушы еді. «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймасың, басалқаңыз бар болса, жалған отқа күймейсің» деп екі тізгін, бір шылбырды бердік саған деген соң, ел басы, топ басылар да азбайтын, ел құрметімен санасатын...

Осы тұста Абай бір үлкен мәселенің басын ашып кеткен. Ол қазақ ауылының әлеуметтік құрылымы туралы. Қазақ ауылы қандас туыстардан тұрады, сондықтан ауыл басшысы, тым жетесіз болмаса, өз бауырының қамын жемегенде қайтпек? Оның әділ болмауына бұлтаң жол жоқ. Ал осы мінезден қазақтар Абай заманы кезінде неге айырылып қалды? Себебі ендігі жерде ел билігі ел басының қолында емес, орыс әкімдері қатысуымен жоғарыдан ұсынылып сайланатын болыстың қолында болып, адамды жазалау, соттау т.б. азаматтық істер орыс әкімдерінің еркіне қарады. Өзін-өзі басқаратын ел болмағандықтан қазақтарға сайтандық ене бастаған. Сөз ұзар, сөзге тосылар қауым азайды. Ел басы, топ басының орнына саңырауқұлақтай қаптап пысықтар, ку мен сұмдар пайда болды. Мінез ұсақталды. Сондықтан намыс деген аруақты сөз жер болды, бұл - қазір жойылған екінші мінез. Алайда «...ат қойып аруақ шақырылған кезде» дейді Абай, - ағайын өкпе, араздыққа қарамайды, жанын салады екен. Ол - намысқорлық. Сондықтан да халық «ағайынның азары болса да, безері болмайды» дейді.

Міне, осы екі мінездің замандастары арасында жойыла бастағанына ақын қатты қынжылады. Данышпанның бұл ойына таңғаласың, сол кезеңде, қазақтың терезесі дәл қазіргідей шайқалмаған заманда осы мінез болмаса, бүгінгі күні оларды еске алудың өзі жаңалық, бүгінгі ел басы, топ басы болып жүргендердің көбісі жоғарыдан бекітіліп, сайланған әкімдер. Өз даналығымен халық мүддесін жақтап шыққандары шамалы. Ұлттық намыс деген тіптен жоқ, одан айырылды: «Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмаған».

Ғарифолла ЕСІМ,
Ұлттық ғылым академия-
сының академигі,
абайтанушы

ЕРТЕ ТАНЫЛҒАН ЕРЕКШЕ ДАРЫН


Роза Мұқанова әдеби қауымға – жазушы, ал өнер сүйеші қауымға қарымды драматург ретінде кеңінен танымал тұлға. Адам бойындағы қандай бір талантты Жаратушының өзі береді. Розаға да әуелден Алла Тағала талантты өзі берді. Сөйтіп оны өз қатарластарынан әлдеқайда ерекше талантты болуға, ерте танымал болуға, ерте көзге түсіп, ауызға алынуына жол ашты.

Роза шығармаларын оқып отырған әрбір адам еріксіз ой түйеді. Оның өзгелерден бөлек көркем ойлауы, көркем суреттеуі, кәдімгі өзіміз білетін логикаға сия бермейтін, санамыздың көлемінен тыс, бірақ түйсігімізден алыс та емес таңсық сюжеттерге құмарлығы. Кез келген шығармасын оқып көрсеніз осыны байқайсыз. Туындыларының бәрі ешкімге ұқсамайтын тек Розаға ғана тән туынды. Өзгелерде жоқ. Бұл Розаның өзі ұстаған қол шатыр, өзі салған қолтаңба. Ал бізде, қаламгерлер арасында әлі күнге өз қолтаңбасы жоқтар қаншама?! Ойлануға тұрарлық.

Келісесіз бе, Розаның шығармаларындағы кейіпкерлер де, олардың басындағы тағдырлар да, тіпті диалогтағы сөздер де басқаша. Олар талғамы бөлек әдебиеттің төрінен жасқанбайды. Сіздің ішкі бұғауыңызға көнбейді, еш қағидаңызға басын иемейді. Тақаптар. Қайта оқырмандар жаңағы кейіпкерлерден үйренеді. Сіз ішіңізден «мынау қалай, ей?» деп келіспей қалуыңыз мүмкін. Ақырында амал жоқ, сол кейіпкердің айтқанымен келісуіңізге тура келеді. Ал енді мұны керемет демей көріңізші.

Мысалы «Тұтқын», «Патша қатын У», «Өзін», «Құбыжық», «Мұқағали» әңгімелерін оқып көріңізші. Оқи алмасаңыз оқуды өтінер едім. Мұндағы тіршілік, өмір ешкімдікіне ұқсамайды. Тіпті басқа дүние. Оқысаңыз менімен келісесіз. Терең философиялық астарды аңдыған ғана біледі. Роза соны шеберлікпен пайдаланып жеткізе алған. Айналамызда қоршаған ортамыздың, өмір сүріп отырған қоғамымыздың қол жеткіздік деген әлеуметтік халіміздің, тап-тазамыз деген моральдік қасиетіміздің бет пердесін ашып көрсеткенін білесіз. Мұны түсіну үшін, әрине тереңдік керек. Роза Мұқанованың туындысындағы өзіне тән ерекшеліктің, әдемі кестедей тоқылған шеберліктің, боямасыз шынайылықтың, өзі көрсеткен көркемдік деңгейліктің мәні осында.

Бір ғана «Мәңгілік бала бейне» драмалық шығармасының өзі еліміздің әдеби қауымын, өнер сүйешілерді кезінде дүр сілкінтті. Оны білесіздер, ширек ғасырдан астам уақыт ішінде Қазақтың Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театры сахнасында араға жыл салмай үлкен сұраным-



Қазақ авторының француз тіліне аударылуы – бағалы сыйлық дер едім» дегені есімде қалды.

2016 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының сахнасында Роза Мұқанованың «Сарра» спектаклі қойылды.

Дінтанушылар, куллі мұсылман қауымы жақсы біледі. Әйгілі араб елінде Ибрагим пайғамбарымыздың Сара деген көрікті де сұлу әйелі болған. Алайда ол әйел бір ұрпаққа зар болған. Алладан күндіз-түні «ұрпақты ет» деп жалбарынып сұраса да, ол көретін перзенттің ауылы алыстай береді. Ұрпақ әкелер жастан

ұлғайып бара жатқаны Сараның жанына қатты батады. Пайғамбарға ұрпақ сыйлай алмаған соң өз көркінен өзі жиіркенетін жағдайға жетеді. Ақыры он ойланып, тоқсан толғанып Ибрагим пайғамбарға Ажар атты қол астындағы жас кәнизак қызға үйленіп, перзентті болуын өтінеді.

Спектаклдегі көрерменнің бар зейін қоятыны Сараның күйеуіне деген махаббаты, оның ұрпақсыз қалмау жағдайын ойластыруы. Алайда өзі ақылға, санаға келіп Ибрагимді Ажарға үйленуге көндірсе де, артынша Ібілістің азғыруымен әйелдік қызғаныштан Ажарға қиянат жасайды. Жапан түзге екіқабат әйелді апарып тастауға бұйыртады. Алайда Жаратушы иеміздің қолдауымен жапан түзде, тас шатқалда жерден зәмзәм суы атылап шығып, дүниеге келген сәби де, анасы Ажар да аман қалады. Бұл оқиға желісі көрермен-

Роза бір ғана шығармашылықпен айналысып отырған жоқ. Оған уақыты тапшы. Қызметімен қатар екі иығымен отбасы жүгін көтеріп жүрген жазушы. Асқар ала таудай атағы жер жарған, өз биігі бар, қай кезде де қолынан қаламы түспеген шығармашылықтан қол үзбеген жан-жары, ел құрметіне бөленген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қаламгер Әкім Таразидің үйде бабын жасай жүріп, екеуінің ортасына шамшырақтай жағылған ұлы Алпамысқа, қызы Арузаға өкениң қаны, ананың сүтімен дарыған қазақы тәрбие беруге, тәліммен өсіруге ана ретінде бар күш-жігерін салды. Роза үйде көмекші ұстап, адам жұмсамайды да.


Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінде, Қазақстан Республикасы Парламентінде жауапты мемлекеттік қызметтерде жүрді. Күні бүгінге дейін Қазақ Ұлттық музыкалық академиясында драматургия саласында оқытушылық қызмет атқарып, шәкірттерге білім беруде. Ал енді осыларды есептесек, «Роза қай кезде, қай уақытта шығармашылықпен айналысып үлгіреді?» деген сұрақ туады. Жалпы отбасы, бала-шағасы бар әйел қаламгерлер үшін бұл сұрақ бәріне ортақ. Шығармашылықта болу үшін бір жанды емес «қырық» жанды әйел болуы керектігі көз алдына еріксіз келеді.

Мен мұны Роза Мұқановамен ҚР Мәдениет министрлігінде бір салада қызметтес болып, көзім көріп, көңілім әбден жеткен соң ғана айтып отырмын. Мысалы, өзім Розаның «Мысықтар патшалығы» пьесасын мемлекеттік қызметтің қауырт та, аса тынымсыз жұмыстары арасында жазып отырғанының куәгері болдым. Және тұңғыш оқыған да өзім едім. Кейде дайындалған құжаттар министрдің, не министр орынбасарының қарауына апарылып, олардан қол қойылып шығуын күтетін уақыттар болады. Ол кезде байлаулы бұзаудайсың. Еш жерге қадам басып шыға алмайсың. Күту керек. Міне, сондай уақыттарды пайдаланып Розаның бөлмеде тәтті кәмпітпен шәй ішу әдетінде жоқ. Керісінше бір сәтті де бос жібермей алдындағы компьютерге қайтадан шұқшынып отырғаны. Ондағы себебі ми қоржынында қыжылдап дамыл бермей тұрған өз шығармашылығын тездетіп қағазға түсіріп үлгіру.

Роза Мұқанова Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының, «Алаш» әдеби сыйлығының, Франц Кафка атындағы халаралық медалінің, ТМД Халықаралық Ассамблеясы «Мәдениет пен өнердің дамуына сіңірген еңбегі үшін» медалінің, «Сахнагер» – 2019 ұлттық сыйлығының лауреаты, Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры.

Менің Роза жайлы бір үзік сырым осы. Менің білетінім Роза Мұқанова – нағыз дарын, нағыз талант иесі. Сом алтындай салмақты таза дарынды бағалау бізге парыз, елге парыз. Айтпағым осы.

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



мен қойылды. Ядролық сынақтың адам баласы мен куллі табиғатқа келтірген кесірін өкінішпен еске ала отырып, талай көздерден жас аққызды. Жүректер қан жылады. Біздің Роза іштегі удың сыртқа шығару кілтін осылай тапты.

Кейін осы шығарма «Қыз жылаған» атпен кино экранға жол тартты. Сөйтіп сахнадан кеңейіп миллиондаған көрермендердің іштегі запыранын сыртқа шығарды. Осы туындыларды дүниеге әкелгенде Роза Мұқанова отыз жастың әрі берісінде ғана еді. Шынашақтай бұрымы ұзын қазақ қызының қазақ әдебиеті мен өнерінен, драматургиясынан өзіне тәр жағынан ойып тұрып орын алуы ерекше құбылыс емес деп кім айтады?

Бір жылы Париж қаласында француз тілінде қазақ әдебиетінің антологиясы таныстырылыпты. Мен оны газеттен оқыдым. Сонда француз аудармашысы Филипп Риго: Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» шығармасы өзіне қатты әсер еткенін баяндай келе: «Бұл барлық әлем елдерінің оқырмандарына да қатты әсер беретін туынды.



Ұрпақ әкелер жастан ұлғайып бара жатқаны Сараның жанына қатты батады. Пайғамбарға ұрпақ сыйлай алмаған соң өз көркінен өзі жиіркенетін жағдайға жетеді. Ақыры он ойланып, тоқсан толғанып Ибрагим пайғамбарға Ажар атты қол астындағы жас кәнизак қызға үйленіп, перзентті болуын өтінеді

дерді бей-жәй қалдырмағаны рас.

Сахнада трагедиялық шығармаларды актерлердің нанымды орындалуы барысында әлденеше рет қол соғылып отырды. Өйткені әр көрермен өзін ұрпақсыз сезінсе қалай болар еді? Ал ұрпақсыз ел қалай дамиды? Соны ойланды. Бұл жағдайды көз алдымыға елестетіп көрудің өзі қасірет. Өкінішке орай, қазір Қазақстан халқы демографиялық өсіп-өну жағынан Орта Азия халықтарына қарағанда кемшін тұста. Бұған әлеуметтік деңгейіміздің де айтарлықтай көтерілмей отырғаны себепші болуда. Сөз жоқ бұл спектакль халықаралық деңгейде де құны жоғары бааланатын дүние. Ал, өзімізде мұндай туындыны бағалау қалай болып отыр?

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтар беретін арнайы комиссия кімдердің дәрежесін көтермек? Мұндай мемлекеттік сыйлық кімдерге лайық? Роза Мұқановадай ерекше дарын иелерін неге көтермеске? Мені бүгін қалам ұстауға жетелеген осы бір сұрақтар еді. Қайдан білейін. Білетінім – ойымдағыны айттым.



Міне, осындай міндетті мінсіз атқарып келе жатқан «Астана ақшамы» елордамыздың бас газеті болып шығып, қазақ баспасөз қатарына 30 жыл толып отыр. «Астана ақшамының» отыз жылдық тарихына үңілсек, ол Нұр-Сұлтан қаласының іргетасы қаланғаннан бастап, бас шаһардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуымен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатыр. Егер газеттің өткен жылдардағы «подшипкасын» парақтайтын болсақ басылым беті тарихи және саяси оқиғаларға толы дер едім. Онда елордада бой көтерген зәулім ғимараттар құрылысының алғашқы басталу сәттерінен жазылған түрлі репортаждардың бәрін-бәрін көруге болады.

Мен «Астана ақшамына» бас редактор болып қызметке келген 2000 жыл ел экономикасы жаңа мүмкіндіктерге енді ғана бағыт алып келе жатқан кезең болатын. Астана қаласы бюджетінің қалтасында қаражат аз еді. Осыған орай, сол кезеңде «Астана ақшамы» газетіне бюджеттен бөлінетін бір жылдық қаржысы небары 5-8-ақ миллион теңге болатын. Қазіргі күнмен салыстырсаңыз бұл күлкілі нәрсе сияқты. Сол кезеңде қатардағы газет тілшілерінің айлық жалақысы 5 мың, техникалық қызметкерлердікі одан да төмен, ал, бас редактордың жалақысы 12 мың теңге болатын еді. Осыған қарамастан газет ұжымының көңіл-күйі қашанда жоғары, жұмысқа деген ынта-ықыласы ерекше болатын. Журналистердің негізі – жас жігіттер мен қыздар. Бәрі жарыса жазады. Көпшілігі көз майын тауысып, материалды түнде үйде жазып келеді. Ол кезде мақала қолмен жазылатын. Тілшілерде қазіргідей жеке-жеке компьютер жоқ. Дегенмен біздің секретариатта төрт компьютер болды. Оның екеуінде мақала басылса, екеуінде газет беті қатталады. Осы мүмкіндікпен газетті уақытында шығарып келдік. 2003 жылы газетке кілең жастар келді. Бәрі фанатик, күрделі тақырыптарға қалам тартқылары келеді. Жас журналистердің жазғандарын негізінен «күзейтін», «түзейтін» екі адам бар. Олар газет редакторының орынбасарлары Талғат Батырхан мен Ғалым Қожабеков. Екеуі де жас тілшілердің қабілет-қарымына тұсау салмай ренжітпейтін жолдарын таба білді. Мен Астана қалалық мәслихатының депутаты болғандықтан, үнемі жиналыстарға жиі қатысамын, сондықтан орынбасарларға көп міндет жүктелетін. Ілездемелерде бір нәрсені батырып айту менде болмайтын. Марқұм Ақселеу Сейдімбеков «осы баланың бо-

ӨМІРШЕҢДІГІ ЖОҒАЛМАЙДЫ

Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары қоғам мен биліктің арасын жалғастыратын алтын көпір іспеттес. Оның ішінде газет еліміздегі саяси жүйенің және қоғамның жандануына әсер ете отырып, әлеуметтік тіршіліктің іс-қимылына жаңалықтар әкеліп, серпін береді, жан бітіреді, әлеуметтік топтардың көзқарасымен, мүдделерімен байланыстырады.

лашағы бар» деп университетте оқып жүрген студент Аманкелді Құрметті жарты ставкаға жұмысқа ал деп, қолқа салды. Аманкелді Ақаңның үмітін ақтап оқу бітірісімен «Астана ақшамына» тілші болып жұмысқа келді. Қалай болғанда да қаржылық қиыншылықтарға қарамастан жарнамадан түскен тиын-тебенге, шама-шарқынша қызметкерлерге қосымша жалақы, аздап сыйақы төлеп отырдық. Ең бастысы, редакцияның шағын ұжымы «бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай» ұйымшыл, тату еді. Сол жылдары газетке қызметке келіп шыңдалып, бүгінде алмастай өткір журналистер қатарына қосылған Аманкелді Қияс, Ерлібай Қадірбай, Аманкелді Құрмет, Қымбат Тоқтамырат, Дастан Кенжалин, Төлен Тілеубай, Әдебиет Жұманов, Сұлугұл Бакесовалар «Астана ақшамынан» шыңдалып шықты. Тәжірибелі журналистерден Аманкелді Жұмабеков, марқұм Төлеген Ілдебаев, Гүлбаршын Өкешқызы, марқұм Ерғазы Әсембеков табанды қызмет жасады. Газеттің дизайнын жасайтын мамандар ол кезде ауадай қажет еді. Іздеп жүріп Теміртай қаласынан газет сатып, әр жерде жұмыс істеп жүрген ерлі-зайыпты журналистер Батыр Танзила мен Лиза Шекенқызын тауып алдық. Олар жандарын салып күні-түні еңбек етті. Қазір екеуі елордада жеке үлкен баспахана ашып, өз кәсіптерін дөңгелетіп отыр.

Сол жылдардағы қала әкімі Әділбек Жақсыбеков «Астана ақшамы» газетінің беделін көтеріп, оны республикаға танымал ету үшін мәдени шара ұйымдастыруды тапсырды. Біз болсақ, «Астана ақшамы» газетінің жүлдесі үшін қазақша күрестен жасөспірімдер арасында республикалық жарыс өткізуді қолға алдық. Жарысқа

жыл сайын еліміздің облыстары мен қалаларынан 10 шақты команда қатысып отырды. Бірінші жарысымызға атақты спортшылар Жақсылық Үшкөмпіров бата беріп, Дәулет Тұрлыханов өз атынан сыйлық тағайындады. Сөйтіп, газет қазақша күрес жарысын бес жыл бойы өткізді. 2005 жылы «Астана ақшамы» әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани тақырыптарды кең қамтыған басылым деп танылып, Қазақстан журналистер Академиясының «Алтын Жұлдыз» сыйлығына ие болды.

«Астана ақшамының» 1000-шы нөмірінің шығуы да ерекше аталып өтілді. М.Горький театрында өткен салтанатты бас қосуға қаланың зиялы қауымы мен оқырмандар жиналды. Кеште атақты гитарашы, әнші жаңаарқалық Қорабай Есенов ағамыз өнер көрсетті. Көптеген тілшілер әкімдіктің «Алғыс хатына» ие болды.

Қазіргі заманда ғаламтор желісінің қарқынды белең алуына байланысты еліміздің ақпарат айдынында газеттің рөлі қандай? Осы сұрақ көпшілікті мазалайды. «Газет не керек, интернет бар емес пе» деген кейбір шенеуніктердің сөзін де жиі естіп жүрміз. Қазіргі билік басындағылар газетке тек ақпарат жеткізуші құрал ретінде қарайды. Бұл дұрыс емес. Егер газет хабар таратумен ғана шектеліп қалса, басылымның өміршеңдігі жоғалады. Олай дейтініміз, қазіргі техниканың, интернеттің дамыған заманында сіздің ақпаратыңызға оқырман зәру емес. Ақпаратты газет беттерінде ең ерте бердім дегеннің өзінде кемінде бір күннен кейін жарық көреді. Ал, бұған дейін радио, теледидар мен әлеуметтік желінің өзінде сол сәтте шығып кетеді, яғни, ақпарат ескіріп, маңызын жоғалтады. Сондықтан

газет ақпарат жеткізуден бұрын ұлтқа, салт-дәстүрімізді, мәдени-әлеуметтік және рухани құндылықтарымызды таратушы болуы қажет. Газет ежелден құқықтық ізгілікті ортаны қалыптастыруға қалтықсыз қызмет етіп келеді емес пе?! «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағида бар. Жөн-жосықсыз пікір айтумен пәрменді қоғам құра алмаймыз. Сондықтан әлеуметтік желілер ешқашан ортақ істің мүддесін көздейтін идеология жасай алмайды. Идеологияны жасайтын – газет. Рухани сөз бостандығы тәуелсіздігімізбен бірге келгендіктен жалпы сөздің құнын және жауапкершілігін берік сақтап келе жатқан қазақ газеттерінің қатарында өзінің отыз жылдық тарихымен «Астана ақшамы» бар десем артық айтқандығым емес. Әлихан Бөкейхан айтқан төрт қағида бар: «Бірінші, газет – халықтың көзі, құлағы, тілі. Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін құрал. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Төртінші, газет – халықтың жоқтаушысы». Олай болса, газеттің өміршеңдігі ешқашан жоғалмайды.

Газеттің 30 жылдығы абыройлы белес, бұл деген тарих. Олай болса «Астана ақшамының» мерейтойын жоғары дәрежеде өткізу тек редакция ұжымының борышы ғана емес, газет құрылтайшысы – Нұр Сұлтан қаласы әкімдігінің де абыройлы міндеті болуы тиіс. «Астана ақшамы» газетінің алар асулары әлі алда деп білемін. Газеттің өзі бір күндік болғанымен, сөзі мың күндік. Сондықтан бұл газеттің алдағы болашағы бұдан да жарқын болатындығына сенімдімін.

Мағжан САДЫХАНҰЛЫ
«Астана ақшамы»
газетінің Бас редакторы
(2001-2006 жж.)



АСТАНАДА БІР ҮЙІМ БАР...

Оқуды бітіре сала, көзді жұмып, еш туыс-жақыным жоқ астанаға келген бетте құшағын ашып, жып-жылы қабылдаған алғашқы ұжымым болған соң ба екен, «Ақшам» маған ерекше ыстық. Тек мені ғана емес, редакцияның табалдырығын аттаған әрбір жаңа қызметкерді жатырқамастан, жатырқау былай тұрсын, қайта оның үйренісуіне, ашылуына барынша жағдай жасап, жанашырлық танытатынын мұнда келгендердің түгелі біледі. Меніңше, кез келген жұмыста өзінің потенциалыңды көрсетіп, жемісті дүние жасау үшін, ең алдымен, соған мүмкіндік беретін ортаның бар болуы маңызды секілді. Мұны бәлім гүл өсірумен теңестіруге де болатын шығар. Қанша жерден көздің жауын аларлық керемет гүл отырғызғаныңызбен, оны күтіп-баптап алмасаңыз, «мынау жарытып гүлдемей қойды» деп ренжуіңіз бекер. Ал ақшамдықтар – жақсы бағбан. Мұнда, керісінше, гүлдемеу ұят.

Демеу көрсетуге әрқашан әзір ортада жүргендіктен, ұжым ішіндегілер қанатын еркін жазып, кәсіби өсуге бастайтын қандай да істі қолға аудан еш тайсалмайды. Еңбегі еленіп, шығармашылық байқаудан дүркін-дүркін жүлде алып жатқанда, әрбіріне іштей тілектестік білдіріп, марқайып қаламыз. Жетістікке өзі ғана жетпей, жанындағылардың да алға жылжуына шама-шарқынша ықпал ететіні тағы бар. Аядай ұжымның арасынан бірнеше жылда төрт бірдей «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты шығуы соның дәлелі болса керек. «Ақшамның» бұрынғы жауапты хатшысы Әділбек Жапақ бастап берген бұл тізім болашақта талай тілшімізбен толығына күмәнім жоқ. Мұнда да анамдай ақыл айтар Айгүл апай (Уайсова), әкемдей жол көрсетер, тіреу болар Ғалым аға (Қожабеков) бар. Әр оң қадамыма қуанып, көмекке мұқтаж кездерімде қол ұшын беруге әзір Аманғали (Қалжан), Азамат (Есенжол), Дәулет (Асауов), Сұлтан (Сейітов) секілді тілші ағаларымның орны бір төбе.

Бүгінде «Ақшамнан» алыстағаным жарты жылдан аса уақыт өтті. Достық көшесіндегі 13-үйдің жанынан өткен сайын осы жерде жақсы адамдардың, сіз-бізі жарасқан сүп-сүйкімді ұжымның, бір үйімнің бар екенін еске алып қоямын.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ



«АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНІҢ ЖАУАПТЫ ХАТШЫСЫ Е. ЭСЕМБЕКОВТЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНДА. 2001 ЖЫЛ.

Қазақтың Әкімі атанған, ақын, сазгер, жазушы, сатирик, журналист, қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының және 30-ға жуық кітаптың авторы Әкім Ысқақ 60 жасқа толды. Бұл ретте Елорда Инфо тілшісіне мерейтой иесімен сұхбат құрудың сәті түсті.

– Әкім Әбдіқайымұлы, 60 жас мерейтойыңыз құтты болсын! Қазақта «Алпыс – тал түс» дейді. Осы «тал түсіңізге» дейін атқарған қай ісіңізді ең үлкен жетістік деп санар едіңіз?

– «Өмір – гүл болса, махаббат – ондағы бал» деген сөз бар. Өмірді, адамдарды сүйе білгеннің өзі – бір бақыт. Шынында сол қаламгерліктің арқасында ең үлкен жетістік деп әрдайым тілектес, ниеттес болып, әр қадамға дем беріп отыратын оқырман қауымын тапқанымды айтар едім. Жалпы, адамнан артық байлық жоқ. Кешегі карантинде екі өкпем қабынып жатқан кезде сол тілеулерім шынайы тілектерін жолдап, қолдау танытып, біреуі саумалын, біреуі қымызын әкеліп, енді бірі дәрілей көмек көрсетіп жатты. Бәрі – әлеуметтік желідегі «Алтын» деген жазбаларымның арқасы.

Атқарған істен жанымға ең жақын екі дүние болса, соның бірі – «Халықтың көші-қоны туралы» Заң. Сол заңның аясында Отанымызға миллионнан аса адам қосылды. Алыс-жақыннан ағайынның келуіне ықпал етті. Бұл өте маңызды. Себебі қазағымның санының көбеюі – бірінші орындағы мәселе. Ол экономикаға да, руханиятқа да әсер етеді. Екіншісі – «Жүректегі жазулар», «Адам іздеп жүрмін», «Алтын» деген кітаптарым. Бұл үш кітап та бүгінде мектептердегі «Өзін-өзі тану» пәнінде қосымша оқулық ретінде оқытылуда. Содан соң «Күн ұлымын» (осы аттас өлеңім бірнеше жылдардан бері мектеп оқулығына еніп келеді), «Біздің Бағалақ» деп балаларға арнап жазған кітаптарым балалар көңілінен шыққанына таубе деймін. Сондағы өлеңдерімді мектеп оқушылары жаттап алып, әсіресе карантин кезінде бейнежазбаларын, хаттарын жолдаумен болды. Кітаптарымды оқып, өз әсерлерімен бөліскен хаттарды мұғалімдер, кейіннен түрлі сала өкілдері өз лебіздерін білдіріп жатты. Олардың арасында шетелде жүрген қандастарымыз Түркиядан Ләзиза Нұрпейісова, Сағынш Назар, Финляндиядан Роза Копра, Кореядан Мәдина Жүнісова, өзімізден Ұлттық арнадан Армангүл Тоқтамұрат сынды журналистер де бар. Сол хаттар жинақталып, «Қанатты хаттар» атты шағын кітапша болып басылды. Әсіресе сондағы балалардың осы кітапшаға өз хаттарының жарияланғанын көргендегі қуанышын көрсеніз. Одан кейін ауыл-аймаққа барғанда мектеп оқушыларына мақтау қағаздарын табыстап, кітаптарымды сыйға бердім. Ауылдардағы бастауыш сынып оқушылары «Әкім ата, сіздің мақтау қағазыңызды алдық» деп әлеуметтік желіде бейнежазбаларын жолдап жатыр. Адамның, баланың қуанышына жетері бар ма, шіркін?!

– Карантиннен қандай сабақ алдыңыз?

– Бүгінгі індет екі нәрсенің қымбат екенін терең сезіндірді. Яғни өмір мен адамның. Әрине, әрбір адам үшін өмір қымбат. Ал өмірде адам қымбат. Ал Адам – өмір дептері ғой. Сол дәптерді шимай-шатпаққа емес, мән мен мағынаға арнауымыз керек. Менің өмірдегі байлығым – кітаптарым, жазбаларым. Рухани балаларым, шәкірттерім мен туралы «Ең бай әке» деген кітап шығарды. Фейсбукта бір бауырым: «Аға, сіз ең бай адамсыз ба?» деп жазыпты. Оған: «Иә, солай» дедім. «Онда маған ақша беріңізші» депті. Көп адам байлықты ақшамен бағалайды. Содан мен оған: «Менің байлығым – қолдан қолға берілетін байлық емес, тек жүректен жүрекке берілетін байлық. Ең үлкен



Әкім ЫСҚАҚ:

АСТАНА – МЕНІҢ ӨМІРІМНІҢ АЙНАСЫ

байлығым – рухани балаларым, жазған дүниелерім, тапқан оқырмандарым» дедім. Әлеуметтік желіде 250-дей мүшесі бар «Әкім аға және тілеулер» деген оқырмандарыма арналаған топ бар. Онда еліміздің әр өңірі мен бірнеше шетелден де тіркелген. Оқырманның шегі де, шегі де болмайды екен. Күнделікті өз ойларыммен, жаңадан жазған жазбаларыммен бөлісемін.

Ал карантиннен қандай сабақ алдыңыз? Жалпы, бұл індет қаншама адамның дүниесін байлығына да, күш-қуатына да қарамады. «Алтын-күміс – тас екен, арпа-бидай – ас екен» демекші, алтын-күмістің адам өмірін құтқарып қала алмайтынын көрсетті. Ауру біздің де жан алқымымыздан алды, қиналды, күрестік. Адамды жоғалту түк емес екен. Өшпейтін өмір – өлмейтін көңілден тамызық алады екен. Бұл карантин өмірге немқұрайлы қарамауды, өмірді сүю ең басты бақыт екенін үйретті.

– Енді елордаға ойыссақ, Астанада тұрып жатқаныңызға қанша уақыт болды?

– Біз Астанаға 1997 жылдың 9 желтоқсанында келдік. Қақаған аяз. Сол кезде «мәссаған, қай жерге келдік?» деп таңырқадық. Әлі күнге дейін есімде, қасымда Төлеген Қуаныш деген депутат бар. «Турист» қонақ үйіне кіреберісте екеуімізді Ақмола қаласы жастар комитетінен бір жас қыз «Здравствуйте» деп қарсы алды. Бізге жауапты жан болғандықтан жөн көрсетіп жүрді. Орысша сөйлегені көңілімізге аса қонбады. Бір кезде Төлеген: «Қарындас, атыңыз кім?» деп еді, құдды бір

ата жауын көргендей, жақтырмай: «это не обязательно» деді. Сосын мен: «Сіз қазақша білесіз бе?» деп сұрадым. Басын төмен түсіріп, үндемей қалды. Дауысымды нығарлап: «Теперь это обязательно!» деп өзім жауап беруіме тура келді. Сол кездегі астананың Ақмолаға ауысқаны өте зәру әрі керек жағдай еді.

Астанадағы екінші есте қалған дүние – біз орналасқан қонақ үйдің бірінші қабатында бірнеше дүңгіршекте қазақ тіліндегі газет-журналдардың мүлде болмауы. Мектепте бесінші сыныптан бастап өз тіліміздегі республикалық, облыстық, аудандық газеттерді іздеп жүріп оқытымын. Содан дүңгіршектелерден «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», «Қазақ елі» және тағы басқа газеттерді сұрасам, «что это такое?» дейді. «Қазақша ешкім оқымайды» дейді. Анықтап қарасам, сатылымда кілең ресейлік газет-журналдар. Депутаттық сауал жолдап жүріп, қазақ газеттерін сатылымға шығардық. Ешкім оқымайды деген бос сөз екен. Кім ерте тұрмаса, қазақ тіліндегі газеттер жетпей қалатын. Марқұм, көкірегі ояу, алтын жүректі азамат Мырзагелді Кемел кейінге дейін: «Астанадағы дүңгіршектерге ең алғаш қазақ газеттерін әкелген осы Әкім Ысқақ» деп айтып жүруші еді. Бұл – Астанадағы алғашқы жағдайлар. 10 желтоқсан күні Елбасы сол кездегі резиденциясында Ақмоланы Астана деп жариялады.

Менен «қай жерден боласыз?» деп сұраса, «Астаналықпын» деп жауап беремін. Иә «Астаналықпын» деп мақтанышпен айта аламын. Себебі

мен осында елорда болмай тұрып келдім және Астананың өсіп-өркендеуіне атсалыстым. «Астана» туралы Заң қабылдадық, ең алғашқылардың қатарында Президенттің Жарлығымен «Астана» медалімен марапатталдық. 10 желтоқсанда Астана болып жарияланды, осындағы ең алғашқы Жарлығымен Президентіміз 13 желтоқсан күні қазақ тіліндегі «Халықтың көші-қоны» туралы Заңға қол қойды. Ол – тарих. Ол – өшпес жазу! Ол тек Парламенттің ғана емес, Астананың да тарихы. Оның ерекше есте қалғандығы 23 қаңтарда басталған заң жобасы, бір жылға жуық өте қызу талқыланып, 13 желтоқсанда қол қойылды. Кейбір адам 13 санын қорқынышқа балайды. Бірақ мен бұл санды жақсы көремін. Мен үшін ең қасиетті сан. Себебі Президент 13 желтоқсан күні заңға қол қойды. 13 желтоқсан күні үлкен қызымының туған күні. Содан Парламент Мәжілісіндегі депутаттық өкілеттігім аяқталған соң елге қайтайық деп тұрғаныма, Елбасы менің жұмысыма риза екенін білдіріп, қызметке шақырды. Президент Әкімшілігінде мемлекеттік инспектор қызметін де 13 желтоқсанда бастауыма тура келді.

– Қаладағы сүйікті орныңыз қай жер?

– Астананың ең керемет жері – өзіміз қызметімізді бастаған бұрынғы Парламент үйі. Кейіннен Президент Әкімшілігі болған жер де көзге ыстық көрінеді. Содан соң шағын ғана саябақ бар болатын, сол жерге жиі барып тұратынмын. Одан кейін Әуезов көшесіндегі Астана

қаласының поштасы. Әр кез қазақ газеттеріне барып жазылатынымын, таппай қалған газетті осы жерден алатынымын. Ол жердегілердің бәрі мені танитын. Сонымен қатар «Астана ақшамы» газетінің бұрынғы орналасқан жері ыстық көрінеді. Бас редактор Жұмагүл Саухат болатын. Ол жерде жұмыс істеген, туған бауырымдай болып кеткен Бекен Қайрат сияқты азаматтарды іздеп баратынымын. Тіпті онда редактордың бірінші орынбасары тағайындалып жатса да, құтты болсын айтып баратынымыз. Мәселен, журналистиканың қара нары атанған Дидахмет Әшімханов, Жанболат Аупбаевтар. Сол сияқты Қуанышбаев атындағы Қазақ драма театры ең жақсы болды. Сол кездегі театрдың режиссері Қадыр Жетпісбаев деген аңқылдаған, өте көпшіл азамат еді, депутаттарды арнайы спектакльге шақырып тұратын. Қазақтың салтымен алғаш рет ерулікке шақырған да сол кісі еді.

Ол кезде қонақ үйден арасы өте жақын болса да, жұмысқа бару үшін де көлік шақыртынымыз. Өйткені үскірік аяз болып, жел қатты соғатын.

дағы «ов»-ты алып тастауға мүмкіндік туғанда атымды да құжат бойынша Әкім деп жаздырттым.

– Әкім болып қызмет атқарған кезіңіз болды ма?

– Бұл сұрақ маған жиі қойылады. Мен ұстаздар династиясының өкілі болғандықтан, жастайымнан ұстаз болуға бет бұрып, біраз уақыт ұстаздық қызмет атқардым. Журналистикада да жұмыс істедім. Аудандық білім бөлімін басқардым. Облыстық әкімдікте, Президент Әкімшілігінде қызмет еттім. Министрдің орынбасарлығын да ұсынды. Бірақ әкім болып қызмет атқарып көрген жоқпын. Облыс әкімінің орынбасары қызметіне де шақырды. Алайда Астананы қиып бармадым. Себебі елорда – менің туған жерімдей, мен үшін өте аяулы жер. Балаларым да осында өсіп-өнді. Ұл ұяға, қыз қияға қонды. Немерелерім осында дүниеге келді. Астана – менің өмірімнің айнасы, менің желбіретке көтерген туым! Менің өмірімнің шындығы, жан дүниемнің байлығы!

– «Адам іздеп жүрмін» деген кітабыңызды талай жыл бұрын жаздыңыз ғой. Айтыңызшы, содан бері іздеген адамыңызды таптыңыз ба? Әлі де іздеп жүрсіз бе?

– Адамды өмір бойы іздей беретін шығармын. Мен адамға тоймаймын. Кешелері фейсбукке «Адамдарды жек көрмеңдерші» деп жазба қалдырдым. Ешкім де бұл жабырқауды бағала, жетім көңіл бейне бір шырылдай ұшқан шағала» деп жазыпшып. Адамдарды жақсы көремін. Әрине, талай адамды таптым. Небір керемет адамдарды жолықтырдым. Солардың бірін кезінде Семейден кездестірдім. Ол кім десеніз, ол қазір осындағы Еуразиялық ұлттық университетінің ректоры, адами қасиеті басым Ерлан Сыдықов. Ол кісімен жақсы сыйласпыз, хат-хабарымызды үзбейміз. Мен адамның қызметін емес, адамдық қасиетін бірінші орынға қоямын.

Маған «Алтын» дегеніңіз кім?» деп сұрақ қойылып жатады. Сонау бала кезімде жүрегі мейірімге толы әжеміз – Тынтай апамыз бойындағы бар адамың сезімін осы бір ауыз сөзге сыйдырып жіберетін. Сол сиқырлы үннің жылылығы мені әр кез шаттыққа, қуанышқа бөлейтін. Соның құдыреті-ай десенші... Содан бері бұл тіл қату маған махаббаттың, мейірімділіктің белгісіндей әсер етеді. Оны бүгінгі таңда оқырмандарыма арнап айтып келемін. Шын мәнінде адамдарды жақсы көремін. Жақсы көрмеуге қақым жоқ. Өмір бар жерде жеңіс те, жеңіліс те бар. Ешкімнің де сүрінгенін, құлағанын қаламаймын. Өкпе-ренішке емес, қайта қуантуға асығайықшы. Адам болуың жүрегіндегі і гүлді солдырмауың дер едім. Түсіне білсең, адам – ғажайып өлем. Иә, мен адамдарды жақсы көремін. Жақсы көрмеуге қақым жоқ!

– Сұхбатыңызға рақмет! Жасай беріңіз!

Сұхбаттасқан Нұрдаулет КӘКШТЕГІ

Соңғы кезде әлеуметтік желілерде «арабқұл» деген сөз пайда болды. Көбіне хиджап кигендер мен шолақ шалбарлылардың суретін қойып, «дінің осы ма?» деп қорқытатын болды. Одан қалды исламның ықпалынан ыққандарға «тәңіршілдік» деген ұғымды тықпалап, қазақтың ойы тағы екіге бөлінді. Қоғамда белең алып келе жатқан осы үрдістің астарына үңілу үшін дін саласының мамандарын сөйлеткен едік.



Куаныш ТОКСАНБАЙҰЛЫ,
дінтанушы:

Соңғы кездері қоғамда «тәңіршілдер» атты исламофобиямен жүректері ауырған топ пайда болуда. «Исламофобиямен ауыратын» деп сынауымыздың негізгі себебі – өздерінің нанымдарына қарағанда әлдеқайда басым форматта тек исламға тиісуі. Түріктер мақалдарында «адамдар жемісі бар ағашқа ғана тас атады» деп айтқандай, өзің еш жеміс өсірмей, тек өсіп тұрған жеміске тас ату қашан да оңай, әрі атағынды шығаратын жеңіл жол.


Олардың тағы бір ұстанымдары Тәңір мен Алла арасын бөледі. Арабтың «Алласы», біздің «Тәңіріміз» деп құдайды жекешелеп алу қай тарихымызда орын алып еді. Зиялыларымыздың кезіндегі діни сауатсыз кадрларды сынағанын білеміз, бірақ олар ешқашан Тәңірді қазаққа жекешелеп, пайғамбарға балағат, сын айтпаған. Қазақ о бастан Тәңір ұғымымен бір Алланы түсінген, екі сөзді бөлек қарастырмаған.

Қазақ о бастан тәңіршіл десек онда әл-Фарабиді, Бұхар жырауды, Майлықожа мен Қожа Ахмет Яссауиды, «зар заман ақындары» мен алаштанушы реформаторларды (ислам дінін өзгерткен жаңашылдар емес, бәлкі оқыту әдіснамасы мен дипломатиялық қарым-қатынасқа жаңашылдық әкелгендерді), Абайдың оқыған діни медресесін, Құранмен ұштасқан қара сөздерін, Шәкәрімнің «Үш анық», «Мұсылманшылдық шарты» еңбектерін, Ыбырайдың «Мұсылманшылдық тұтқасы» еңбектерін т.б. көптеген еңбектер мен зиялыларымызды қайда қоямыз? Әлде олар интернет дамымаған заманда өмір сүргендіктері себепті көп дүниелерде қателесті деп, сегізден аса тіл білген зиялыларымызды жерге ұрып, өзімізді керемет ақылды санаймыз ба?!

Кеңшілік ТЫШҚАНҰЛЫ, филология ғылымдарының кандидаты,
дінтанушы:



Дін тақырыбы қоғамда ең көп жазылатын, талданатын тақырыптардың біріне айналғалы қашан?! Бұл тақырыптың алдыңғы қатарға шығуына үлес қосатын факторлар көп. Біріншіден, дінді ұстанушы адамдардың басқа адамдарды



ИСЛАМОФОБИЯ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

шақыруы, уағыздауы. Кез-келген діннің ішкі мәнінде бұл қағида бар. Яғни, дінге шақыру ізгі амал болып саналады. Екіншіден, қарсы тараптағы адамдардың көңіл-күйі. Қазіргі заманда уағыздалған дүниелердің барлығына бас изеп, мойындай беретін адамдардың саны көп емес. Ой, талғам, ғылыми тұжырымдар, дүниеге құштарлық т.б. көптеген факторлар адамдардың дінге қатысты ортаға тастаған пікірлеріне сыни қарсылық тудырады. Үшіншіден, радикалды топтардың әсіре діншілдігі. Қалыпты, өз ағысымен, хикметке негізделген діннің таралуын місе тұтпайтын кейбір ағым өкілдері тез арада барлық қоғамның өздері ойлағандай «діндар» болуын қалайды. Осы миссияның жолында не кедергі болса, соның бәрін жау көреді. Ақырында бұл агрессиялық ұстаным діннің таралуына емес, керісінше жеке көрушілік пен діннен безушілікке әкеледі. Төртіншіден, жоғарыдағы жағдайлардың бәрін сыртынан бақылаған кейбір адамдардың дінсіздігі. Кейінгі кезде атеизм, тәңіршілдік атымен жалаң ұлтшылдық бейнесін жамылып дінге, дін адамдарына жасалып жатқан шабуылдар.

Міне, осылардың барлығы қоғамда дінге қатысты тақырыптардың желі бетіне жиі шығуына, көптеген талқылауларға себеп болуда. Бірақ сырттай қарағанда үлкен қайшылықтар сияқты көрінгенімен мұндай жағдайлар қоғамдағы дін мәселесінде жақсы дүниелерге де себеп болады. Мәселен, радикалды формадағы ұстанымдардың шығуы қалыпты дін өкілдерінің діни сауаттылығын арттыруға түрткі болды. Ал дінге орынды-орынсыз жасалып жатқан шабуылдар еліміздегі әртүрлі жамағаттарға бөлінген ислам өкілдерін бірігуге итермелеуі мүмкін. Сондықтан қоғамда дін мәселесін заң аясында реттеуден бөлек, қоғамдық ұстанымдардың

да өз деңгейінде реттейтіндігіне көз жеткізудеміз.

Төрәлі ҚЫДЫР, филология ғылымдарының кандидаты:



Қазақ о бастан тәңіршіл десек онда әл-Фарабиді, Бұхар жырауды, Майлықожа мен Қожа Ахмет Яссауиды, «зар заман ақындары» мен алаштанушы реформаторларды (ислам дінін өзгерткен жаңашылдар емес, бәлкі оқыту әдіснамасы мен дипломатиялық қарым-қатынасқа жаңашылдық әкелгендерді), Абайдың оқыған діни медресесін, Құранмен ұштасқан қара сөздерін, Шәкәрімнің «Үш анық», «Мұсылманшылдық шарты» еңбектерін, Ыбырайдың «Мұсылманшылдық тұтқасы» еңбектерін т.б. көптеген еңбектер мен зиялыларымызды қайда қоямыз? Әлде олар интернет дамымаған заманда өмір сүргендіктері себепті көп дүниелерде қателесті деп, сегізден аса тіл білген зиялыларымызды жерге ұрып, өзімізді керемет ақылды санаймыз ба?!

Тәңіршілдікті кеңінен насихаттап жүрген біздің «оқығандардың» басым бөлігі өз айтқандарына өздері толық сенбейді. Сенімдерін шындап отыру үшін, өз иланымдарындағы құлшылықтың жөн-жоралғысын да жасамайды. Тек қана жазады. Онда да өз сенімдерін негіздеп, ғылыми еңбек жазбайды, тек қана айтады. Айтқанда да көпшілігі ғылыми ортада емес, әлеуметтік желілерде жасырын, бүркеншік атпен «сүйкейді». Біразы аты-жөндерін ашып жазбайды. Ашып жазса, «пәленшенің баласы кәпір» екен деген сөзден аяқ тартады. Ертең өлсем жаназам шығарылмай, ислами жөн-жоралғысыз жерленуім мүмкін деп шошиды. Себебі ұстанған бағыттарының түбі шикі екенін өздері де біледі. Содан әлеуметтік желіде бірнеше парақша ашып алып, дін туралы жазғандарды «андиды». Басқа дінді ұстанатын өзге ұлттарды емес, өзінің мұсылман қазақ бауырларының намысына тиіп, имани сенімін аяқасты еткісі келеді. «Бас тәңіршінің» Исламды қаралап жазғанына өз сенімін қорғаштап бір мұсылман жауап жазса, бірнеше парақшаларды «ойнатып» отырған фейк авторлар шибөрідей жабылып, табалайды. Дәлел-дәйексіз, көбінесе сөзді ойнатады. Өкінішке орай, біз-

дегі тәңіршілдердің кейпі осындай бүгінде.

Тәңіршілдік дегені бер жағы, шын мәнісінде көпшілігі сол сенімнің артына жасырынған дінсіздер, ғылыми тілде айтсақ, атеистер, мұсылманша атасақ, кәпірлер. Исламды қабылдаған түркі халықтары үшін, тәңіршілдік – өтіп кеткен кезең. Яғни, тәңіршілдік түркілердің балаң кезеңі болса, Ислам – кемелдену кезеңі. Сондықтан да бүгінгі қоғамда тәңіршілдікті дін ретінде насихаттаудың қажеттілігі де шамалы.

Құдияр БІЛӘЛ, дінтанушы:



Исламофобия – ислам дініне қарсы күштердің бүгінгі қол жеткізген жетістігі. Бұл термин айналымға 1991 жылдан бастап шыға бастады. Содан бергі уақытта олар едәуір жетістікке қол жеткізді. Исламофобияның шарықтау шегі – 2001 жылғы 11 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында орын алған оқиға. Сол

кезде екі ұшақ Халықаралық сауда орталығының екі ғимаратына келіп соғылып, екеуін де жойып жіберген болатын. Бұл террорлық іс-әрекетті кезінде «Эль-Каида» ұйымы өз мойнына алды. Рас, өз сырын ішіне бүккен көп құпия жайттар әлі күнге дейін ашыла қойған жоқ. Егер әсірелеп айтар болсақ, осы оқиға исламофобиялық «танымды» одан әрі кеңейтіп, оған қарсы күштерді жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптағып жіберді. Бүгінгі күні біздің елімізде бой көрсетіп жатқан тәңіршілдік сол қаптаған «саңырауқұлақтардың» тек біреуі ғана. Ал оларды қаржыландыратын – «жаңбыр» иесі. Біз әсірелеп айтып отырған «жаңбыр» иесі, әуелгіде, олар әлі де ол ниеттерінен бас тартқан жоқ. Ұлыбритания болса қазір оларға АҚШ жетекшілік етеді. Тәңіршілдерді де қаржыландыратын солар. Сол қаржылық мүмкіндіктеріне орай қазіргі кезде тәңіршілдер де белсенділік таныта бастады. Олар Қырғызстанда тіпті билікке де араласуда. Бізде де едәуір күшке ие. Әйтсе де олардың тәңіршілдік туралы түсініктері тым жұтаң. Соған орай тәңіршілдер біздің дәстүрлі дініміздің кейбір элементтерін өздеріне иеленгісі келеді. Тіпті салт-дәстүрімізді де өздеріне теліді. Ал бұған көз жұма қарауға болмайды. Себебі бұлайша үй ішінен үй тігуге ұмтылу, ұлттық тұтастыққа нұқсан келтіреді. Сонымен қатар олар өз уағыздарын ислам діні қағидастарын жоққа шығару арқылы жүргізеді. Ал бұл деген, біз жоғарыда тілге тиек еткен исламофобияны қалыптастыратын күштер қызметіне үн қосу деген сөз. Сондықтан да оларды діни ағым деп емес, тәуелсіз мемлекетіміз тұтастығына нұқсан келтіретін сыртқы күштердің құрамдас бір бөлшегі деп қабылдағанымыз жөн. Мемлекеттік құзырлы органдар да оларға қарсы осы танымдық тұрғыда әрекет етуі тиіс.



ҰЛТ ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАДЫ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті мен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына арналған «Тағзым мен тағылым» атты онлайн отырысын өткізді.

Мәні бар игілікті шарада құттықтау сөз алған Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов екі жылдан кейін туғанына 150 жыл толғалы отырған тұғырлы тұлғаның есімін мәңгі есте қалдыру бағытындағы шаралар жоспарына тоқталып, онлайн отырысқа қатысушыларды мерекемен құттықтады.

Жыны тізгінін ұстаған Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары Әділбек Күнесханұлы Қаба-

ның айтуынша, орфографиялық жұмыс тобы оныншы отырысын өткізген екен, бұл өз кезегінде үлкен талқылауларға ұласып отырған. Ономастикалық комиссияның үш отырысында еліміз бойынша бес жүз атау өзгертілген, яғни, саясаттың салқыны тиген көптеген көне атаулар қалпына келтіріліп, қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты тұлғалардың есімі берілген. Сондай-ақ ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық

комиссиясының екі отырысы өтіп, әр қайсысында бес жүзден аса термин мақұлданды. Бұл дегеніңіз мыңнан астам жаңа термин қолданысқа еніп, тіліміз соншалықты сөзбен байыды деген сөз.

Сонымен бірге Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ғалым Ербол Тілешов «Ұлт ұстазының тағылымы» тақырыбында баяндама жасаса, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова, Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің директоры Райхан Имаханбет, Торғайдағы мұражайлар кешенінің басшысы Гүлбану Сәрсекей халқымыздың ардақты перзентінің өнегелі өмірі мен еңбектері туралы ойларын ортаға салды.

«KINOTIME» САҒАТЫНДА «ҚАРА ЖОЛ»

Нұр-Сұлтан қаласының Дін мәселелерін зерттеу орталығы «KinoTime» сағатын өткізді.



Орталықта ұйымдастырылған іс-шараның ашылуында Дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Ж.Карашолақов, психология ғылымдарының кандидаты А.Нұрадинов және Л.Гумилев атындағы ЕҰУ аймақтану кафедрасының меңгерушісі А.Оспанова сөз сөйледі.

«KinoTime» сағатында діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған «Қара жол» көркемфильмі көрсетілді. Оған қатысушылар Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «iКОМЕК-109» қауырт желісі туралы, соның ішінде елордадағы барлық діни іс-шараларға қатысты сұрақтарына жауап алатындығынан хабардар болды.

ЖАҢА МАУСЫМДА – «АЛПАМЫС»

18 қыркүйекте еліміздегі бірегей өнер ордасы – «Астана Опера» театры жаңа маусымын «Опералық классикаға саяхат» атты гала-опера бағдарламасымен ашады.

Гала-опера театрдың үлкен залы сахнасынан онлайн өтеді. Бағдарламаға ұлттық және әлемдік операның інжу-маржанына айналған А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Дж.Россинидің «Севильдік шаштараз», П.Чайковскийдің «Евгений Онегин» операларынан көріністер еніп, тыңдармандар алдында елордалық группаның

лық ұзақ үзілістен кейін жұмысқа белсене кірісіп кетті. Олар дайындық залдарында өнерлерін шыңдауда, алайда тыңдармандармен алғашқы кездесуіміз онлайн-форматта өтетіндігіне қарамастан, сөзсіз қобалжу үстінде. Театрдың көркемдік кеңесі ұлттық және әлемдік опера мен балет классикасын, камералық музыка концерттері және балалар



талантты солистері өнер көрсетеді.

Театр дирекциясы осы жылдың екінші жартысы пен алдағы жылы жұртшылықты айтулы премьералар мен әсерлі сезімге бөлейтін концерттік бағдарламалар күтетінін айтады. Қазан айының басында Г.Доницеттидің «Дон Паскуале» операсының премьералық онлайн-көрсетілімі өтеді. Сонымен бірге В.Моцарттың музыкасына көрнекті хореограф И.Килианның қойылымындағы «Алты би» эксклюзивті балеті мен Г.Доницеттидің «Махаббат сусыны» операсы және Т.Қажығалиев, Р.Гайсин мен К.Пино-Кантананың музыкасына Патрик де Бананың қойылымындағы «Дала үні» ұлттық балеті ұсынылады.

– Бұл маусымды біз өзімізге тосын форматта ашқалы отырмыз: әртістер залдағы көрерменсіз сахнада өнер көрсетеді. Қойылымдар мен концерттердің тікелей көрсетілімдері қыркүйек айына жоспарланып отыр. Қазіргі сәтте солистер осынша-

мен жасөспірімдер аудиториясы бағдарламасын қамтитын сегізінші маусымның мазмұнды репертуарын әзірледі. Көптеген жоспарларымыз коронавирус пандемиясының кесірінен жүзеге асырылмаған болатын. Карантинге қарамастан, біз онлайн режимде белсенді жұмыс атқардық, көптеген түрлі жобалар жасадық және қашан да біздің театрдың өнерін сүйіп тамашалайтын азаматтардан оң пікірлер мен хаттар түрінде жауаптар алып отырдық, – деді «Астана Опера» театрының директоры Ғалым Ахмедьяров.

Айта кетейік, сегізінші маусымда балдырғандарға Тибор Кочактың музыкасына Патрик де Бананың қойылымындағы «Дала үні» ұлттық балеті ұсынылады. Дьюла Харангозаның «Ақшақар мен жеті ергежейлі» балеттік спектаклі қызықты интерпретацияда жол тартады. Сондай-ақ театр алдағы жылдың басты жаңалығы ретінде, Қазақстанның Еңбек Ері, көрнекті композитор Еркеғали Рахмадиевтің «Алпамыс» ұлттық операсын жұртшылыққа тарту етеді.

© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ